

**Сайлау КӨШКЕНҰЛЫ**

*Жүрек жылы*

Көкшетау 2002 жыл

Kajiki  
Kajiki

iz  
Tvermen

2007

Tamara  
2007

**Сайлау КӨШКЕНҰЛЫ**

*Жүрек жылы*

---

---

---

**Көкшетау - 2002 жыл**

*Бұл жинақта автордың әр жылдары жазған арнау өлеңдері, өзіндік ой-пайымдаулары, әріптес ағалары мен замандастарының, туған-туысқандарының ол жайындағы пікірлері топтастырылған.*

,

**ISBN 25-7667-9316-2**



# ***I. ЕЛ ТУРАЛЫ***



## **ОТАН**

Аялап күнде тербеттін,  
Отаным менін-қамқоршым.  
Саянда күліп ержеттім  
Айналам толы жан досым.  
Құшағы ыстық Отаным,  
Мақтанышым, ұлы анам.  
Жайнаған гүлдей жас жаным  
Ұлыңмын, соған қуанам. ,

## **ТУҒАН ЖЕР**

Армысын, туған жер, ауылым,  
Жүпардай аңқыған ауасы.  
Көк шалғын, төскейі, бауырын,  
Сынсыған шат үнге даласы.  
Ғажап-ау, кең өлке, мекенім,  
Алыста жүргенде сағынам.  
Жанылыс бассам сен кеш мені,  
Алдында ізетпен бас ұрам.  
...Айлы түн. Ауыл шырт үйқыда,  
Айнала мүлгіген тыныштық.  
Жеткенде аңсап ту қиядан  
Туған жер көзіме тым ыстық.

## **ЖІГІТТЕР БАР**

Жігіттер бар, жігіттер бар, алмастай,  
Тасқа салса сағы әсте сынбайтын.  
Жігіттер бар өзін-өзі о баста  
Ат үстінде шындайтын.  
Жігіттер бар, алып жүрек, тілге ұста,  
Ел намысын, ер намысын сақтайтын.  
Жігіттер бар, жігіттер бар нар қасқа  
Суға салса батпайтын.



Жігіттер бар жау алдында елпендей,  
Бұтағындай ағаштың дір ететін.  
Жігіттер бар намыс үшін сыр бермей  
Жанын қиып кететін.

### **РУБАЯТ**

Өмірде талай адам бар,  
Жақсы бар, жаман бар.  
Айнала қарандар,  
Мейлі ол жамандар,  
Рас па, адамдар?  
Дүниеде сан қилы өткел бар,  
Қиынды аттап өткен бар.  
Шыңыраудан құлап кеткен бар  
Бақытына жеткен бар,  
Шындық па, адамдар?  
Қыршын жас, аз ғұмыр сүрген бар,  
Кұрбымен әзілдеп жүрген бар.  
Қайғынды жұбатар бірлер бар,  
Теріс қарап күлген бар,  
Рас па, адамдар!  
Өмірде көпті көрген бар,  
Жанбай жатып сөнген бар.  
Сыр бүкпес сенген бар,  
Ағаң бар, жеңгең бар,  
Шындық па, адамдар?!

### **НАЗ**

О, достарым, өкпелесем ұятты,  
Мұнымды айтып сендерге мен  
жетім бала сияқты.  
Осы шығар тағдырыма жазғаны  
Бір басыма аямай-ақ бәрі-бәрін сыйлапты.  
Әрбір күнім өтіп жатыр жылмен тен,



Ойлай-ойлай әбден жүнжіп кеттім мен.  
Қайдасындар, о достарым кешегі  
Енді бүгін неге келмей, неге  
келмей жүрсіндер?  
Барлығын да отырмын-ау ескеріп,  
Әлде өздерің шыныменен  
сыркатымнан сескеніп,  
Көрінуге бата алмай сырғақтап  
Кеткенің бе, мына мені қас  
жауындай жек көріп.  
Әрбір сөзің шер көңілге демеу ғой,  
Әр келгенің сездің бе сен, біздер  
үшін үлкен той.  
Амалың не, соның бәрін о достар,  
Кеш ұғынып, түскеннен соң басқа  
кейін білдік қой.  
Қоймайды екен еркіне бір қапалық,  
О достарым, кешіріндер болса  
менде қаталық.  
Түсінбесең жан күйіме түсінбе  
Түсінбеген қалпымызбен теріс қарап,  
үнсіз-түнсіз жаталық.  
Түнілмендер, сөзді дұрыс ұғындар,  
Сырқат жанын сезіне біл,  
оған мойын бұрындар.  
Уақыт болса, уақыт болса  
титтей бір  
Келіп кетіп, көңіл сұрап,  
көңіл бөліп тұрындар?!

*XI.1971 жыл.*

## **АНАММЕН СЫРЛАСУ**

Анашым менің, ақ жүзің сенің ақ таңдай,  
Өзіңнен артық мен үшін сірә, жан бар ма?!





Тұрмып гой міне, қабіріңнің басында  
Бәйішем-ау, деген алты әріп сөзді

айта алмай.

Елестеп бейнең сағымдай жылжып ап-анық,  
Кеудемді жаншып басты-ау сыз-қапалық.  
Ботатай боздап артыңда қалған құлының  
Орта жастан асты бүгінде ата атанып.  
Сөтсең-ау шіркін, жан-күйін газиз ұлыңның,  
Жалғыздықтың зарын ертеден татып ұғындым.  
Сағындым сені, анашым менің, жан анам,  
Қабыл ал мынау, арнаған саған жырымды.

### **ӘКЕМЕ**

Жастықтың күйін арнап саған деген,  
Өмірдің асуына өрлеп келем.  
Сәт сайын тыным таппай, алас ұрам  
Тіршілікте үлесім көп алам деген.  
Сен жеткен өмір белі-үмтыларым,  
Кәрілік, ыңқыл-сыңқыл, қушы бәрін.  
Жан әке, көкірегіңді оятарлық  
Тындашы кенже ұлыңның тәтті әнін.  
Есімде жанашырлық әрбір сөзің,  
Саралап сан ойынды тұрған кезің.  
Сақал-мұрт ақ қыраудай қалтыраған  
Жан әке, қарттық жеңіп бара ма өзі?!

\* \* \*

Жан әке! Қадіріңді сезбедім бе,  
Тірлікте салмай ақыл безбеніне.  
Ақтық рет “құлыным” деп қарадың сен  
Сезбедім, кештің бе сен, кешпедің бе?  
Біз үшін көрдің әке сан тартысты,  
Бермедің қолдан әсте ар-намысты.  
Қартайып, күш-қуатың тайған кезде  
Өзіңе айықпастай дерт жабысты.



Жан әке! Іш күйеді сені ойласам,  
Шермен боп жүрегімде қалды-ау құсан.  
Тас емес, дәті өзгенің қайтып шыдар  
Сені айтып, әнге қосып, мен жырласам.  
Жан әке! Қадірінді сезбедім бе,  
Сені ойлап өртенемін өз деміме.  
Ақтық рет ұлына “құлыным” деп  
Бәлендің Жер-ананың жөргегіне.

\* \* \*

“Аға” деп ат қойып ек әкемізге,  
Әкесіз бұ фәниден өтеміз бе?!  
Әкесіз өмір сүру оңай соқпас  
Арманға қол ұсынған жетеміз бе?!  
Әкежан, білмеппіз-ау қадірінді,  
Айтпаған айтайын мен көп сырымды.  
Жыл толды көрмегелі ақ жүзінді  
Осылай ерте ұлыңның сағы сынды.  
Қойнына қара жердің қалай сыйдың,  
Соңында қалған бізді қалай қыйдың?  
Жатырқап жалғыз мынау қалған кезде  
Отырмын шыныменен ашып миым.  
Отырған жерің сенің думан еді,  
Өленді жатқа соғып, хисса, ертегі.  
“Көкеңнің осынысы ағат” десе  
Со жұрттың табылар ма саған теңі?  
Бү дүние осылайша өтіп жатыр,  
Әркімдер ертелі-кеш кетіп жатыр.  
Кейінгі ұрпағына гүмыр тіле  
Әкежан, болмасын деп заман ақыр.

## **АЛПЫСҚА КЕЛГЕН АҒАТАЙ** *Сағит бауырға*

Туа анадан айрылып,  
Үрім-бұтақ қайғырып,



Қанаты күстай қайрылып,  
Көңіліміз шайлығып,  
Жетімсіреп қалғанда  
Пана болған сен едің.

Ажал шіркін, жұтынып,  
Әкеден ерте “кұтылып”,  
Талкегіне тағдыр тұтылып,  
Ұтсақ бірде ұтылып,  
Жастайымнан жауаңдап  
Зәрәзап болған мен едім.

Жазғаны болар тегінде,  
Түк қызық көрмей өмірде,  
Дүниеден өтті Әбу де,  
Қайырбек пен Әмірде.  
Оларды жоқтап жүргенде,  
Мереке тосын опат боп  
Аңырап қалған сен едің.

Атадан үл боп туам деп,  
Әділдік жолын қуам деп,  
Дұшпанның аузын буам деп  
Егескенді жығам деп,  
Отызымда енші алып  
Отау құрған мен едім.

Уақыт шіркін, өтеді,  
Өтеді де кетеді.  
Күндердің сөйтіп күнінде  
Кәрілік те жетеді.  
Еңбекпенен есейген  
Бауырым неткен ер еді?!

Алпысқа аяқ бастың сен,  
Мүшел жасқа астың бел.  
Флюра-Фая жеңгеммен  
Атша желіп жүзге кел.  
Немеренің қызығын  
Екеуің де бірге көр.

1998 ж.



## **ҰЛЫМА**

**Асқарым**, Асқар тауым, Асқар ботам.  
**Жігіт боп** өскеніңе мен қуанам.  
Тіл-көзден сақтай көрсін құдайым тек  
Тіл-көзден, қарғысынан жұрттың **қорқам**.  
Асқарым, Асқар тауым, Асқар **тайым**,  
Тілеуіңді тілеп отырам, сағат **сайын**.  
Айнұр мен Айзадаға қолқанат бол.  
**Сен үшін** түсеуге отқа өкен **дайын**.  
**Асқарым**, Асқар тауым, Асқар жашым,  
**Мен үшін** қылаңдап бір атқан таңым.  
**Тәңірден** тілейтінім тасыр жаса  
**Жарқырап** жана берсін **жұлдыз-шамын!**

## **ЗАМАНДАСЫМ-ҚҰРДАСЫМ**

**СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ**  
**Қажымұрат НАҒМАНОВҚА**

Ұстазымның ұлысың,  
Замандассың, інісің.  
Кеміткенмен дұшпаның  
Өзгеден өзін ірісің.  
Жезқазғанда танылдың,  
Өскеменде аһ ұрдың.  
Қызылжарға ат тіреп  
Аяғыңнан қаз тұрдың.  
Жаманыңа күйіндік,  
Жақсылығыңа сүйіндік.  
Нар жүгіндей көтердің  
Түссе де басыңа қиындық.  
Мөрт ісіңе қуандық,  
Қуандық та жұбандық.  
Жақсы ісің бастаған  
Жамандар саған құрмалдық.



Ұстазымның ұлысын,  
Өзгеден өзің ірісің.  
Отызбес жылда табысқан  
Бауырымның бірісің,  
Алға бассын бар ісің!..

### **ЖІБЕККЕ**

Бауыр деген ыстық-ау әркімге де,  
Өсер жасқа, шау тартқан кәріге де.  
Туган жерден шалғайда жүргенменен  
Жібетайым, шықпайсың естен мүлде.  
Анамыздан жастайырақ жетім қалдық,  
Бү өмірде туганнан тәлім алдық.  
Жәбірлесе шырылдап ара түсіп  
Өзегіміз өртеніп, күйіп жандық.  
Енді міне, ес біліп, етек жидық,  
Шаңырақ түзеп, ел кұрлы тұрмыс кұрдық.  
Бала-шага, ағайын аман болсын,  
Тәңіріме сол үшін мыңда кұлдық!..

### **ҚАРЫНДАСЫМ ТӨЛЕНГЕ**

“Нөкә” деуші ең әкемді,  
“Апа” деуші ең шешемді.  
Төкен баурым, жалтақтап  
Жіберме ешкімге есенді.  
Абай менен Арайлым,  
Ержеткендерін қалаймын.  
Еріккендігі — Қабайдың,  
Еркелігінен байқаймын.  
Тіл-көзден тек сақтасын,  
Кұдайым қолдап жақтасын.  
Ертеңгі күні қос жиен,  
Еңбегіңді әйтеуір ақтасын.



## **ЖЕҢІСКЕ**

Тойлап жатыр дүрілдетіп ағайын,  
Данкойдың бір баласын.  
Табыстырды егіз емген ағайым  
Қарағаш пен Подлесный арасын.  
Жетті міне, ердің жасы — елуге,  
Женкетайым, бала күнгі Текежан.  
Қиындығын бү өмірдің көрсе де  
Қайыспаған қайсар шіркін, неткен жан.  
Алшандап бас, жасай бергін ұзақ тым,  
Алпыс асып, жетпістен де өткейсін.  
Сексен менен тоқсанды да ұзатып  
Жүзге дағы желмаядай жеткейсін.  
Заман қанша қысқанменен ылайым,  
Тойлар тойға ұлассыншы бүгінгі.  
Тілегімізді қабыл етіп құдайым  
Жалғастырып жүрейікші ізінді.

1995 ж.

## **МӘРЛЕН МЕН АРСЛАН**

Қос ботам-немерем мен күйеу балам,  
Келгенде өздеріңе шын қуанам.  
“Аталап” мойыныма асылғанда,  
Балқыған шар болаттай от боп жанам.  
Мәрленім, ұзақ болсын гүмыр-жасың,  
Байлықтың қажеті жоқ артық басың.  
Ауырмай, апыл-тапыл тез ержетші  
Алшысынан түскендей сақа-тасың.  
Арслан, күйеу балам тұңғыш көрген,  
Айнұрмен қол ұстасып бірге жүрген.  
Бақытты, ризықты бол екеуің,  
Сендерге батам осы менің берген.



## **МӘУЕНГЕ**

Ұл-қызымның анасы,  
Шаңырағымның панасы.  
Тау қозғалса қозғалмас  
Мәуенге біздің қарашы.  
Сәт сайын құбылар қарасын,  
Кей-кейде “бүртия” қаласын.  
Қисық сөйлеп, мүлт кетсем  
Кінә қойма таласып.  
Ұстасып не етемін,  
Мұратқа үйстіп жетемін.  
Түсінгейсің жаным-ау  
Ғұмырдың қысқа екенін.  
Қызыққа тоймай үлгерсек,  
Қызықтап әр күн шын күлсек.  
Арман болмас біздерде  
Кемпір-шал боп бір жүрсек...

## **ОРАЛ-ЗӘУРЕШКЕ**

Біреуің-іні, біреуің-келінімсің,  
Белгілі елге тындырған әрбір ісін.  
Жолым түсіп ауылға соға кетсем  
Дәм-тұзынды тосасын күрақ ұшып.  
Ақ көңілден құдайым айырмасын,  
Қайтқан құстай қанаты қайрылмасын.  
Келін сүйіп, немере аялаңдар  
Домаласын ылғида өрге тасын.

## **ӘКІМБАЙ-МАЙРАҒА**

Қыз мінезді — Әкімбай Жанайұлы,  
Зейнеп-Майра жеңгеміз хордың қызы.  
Әр ісінен өнеге-үлгі аламыз  
Тәлім-тәрбие бұлардың салған ізі.  
Кіндік ата, мамасы тұңғышымның,



Бауыр басып, ертеден туыс қылдым.  
Сыйластықтан құдайым айырмасын  
Тіршілікте көңілдің тауып қыбын.

2002 ж.

## **АҚЫЛШЫ АҒА**

**Жақан Сыздықовқа**

Өмірдің көрген талайын,  
Көктем мен күзін, жаз айын.  
Әкемдейін жақсы аға  
Сізді кімге балайын.  
Көңілінде жоқ еш өкпе,  
Есімін мәшһүр бү көпке.  
Асыл туған жансың сен  
Артық айтсам, жә сөкпе.  
Алпысты артқа тастадың,  
Жетпісті әсте баптадың.  
Құтты болсын тойыңыз  
Жетпісбесті бастадың.  
Кім айтар сізді кәрі деп,  
(Жетпісбес деген тәйір не?)  
Жанға серік Жақсы аға  
Жүзге жеткей әлі де!..

1976 ж.

## **ҚЫЗЫМ БЕСКЕ ТОЛҒАНДА**

**Айнұрға**

“Аумаған папасының өзі гой” деп,  
Кешегі атасының көзі гой” деп,  
Ағайын, дос-жарандар қуанысты  
Тұңғышым туғанында інгәләп кеп.  
Өтіпті жылжып күндер, алпыс айың,  
(Ұмытылып бойымдағы қайғы, уайым).  
Тосырқап, жалғызсырап жүрген кезде  
“Әке” еткен Айнұрымнан айналайын.





Тұяксыз қалам ба деп таусылмайын,  
Қызымды он ұлға да баламаймын.  
Үмітпен қараймын мен болашаққа  
Сенемін шығар күнім, туар айым.  
Бү өмір неткен ғажап, беу тамаша,  
Қызыға көз тастаймын жас балаша.  
Тірлікте ұрпақ қалу ганибет-ау  
Зор бақыт — Әкелікке мен жарасам.

### **БАЛДЫЗДАРЫМА**

Мінәскен, Шәрипа, Құралай,  
Бекболат, Қазі-ау, бұл қалай?  
Хабарсыз тым ұзақ кеттіңдер  
Тым болмаса хал-жағдай сұрамай.  
Бажалар оларда үн-түнсіз,  
Әзілдеп ойнаушы ек ың-шыңсыз.  
Көңілді көтеріп кетпей ме  
Дел-сал боп жүргенде ұйқысыз.  
Осылай қолымыз қысқарды, ә?  
Шідерлеп аяқта түсалды, ә?  
Балдыздар жоламай жүрсе егер  
Заманның менінше қысканы, ә?!

### **ЖАЛГЫЗДЫҚ**

Жабырқап жадап жүдейсін,  
Жалғыздық түссе басыңа.  
Жабылып қалған үйдейсін  
Жоламаса жан қасыңа.  
Жүрекке салып шыймайды,  
Жамап та жатса мұң-қайғы.  
Жалғыздың үні шықпайды,  
Жалтақтап жөне бүкпайды.  
Жалғыздық деген сенем мен,



Жасындай бейне жалт еткен.  
Жұлдызды санап жол шеккен  
Жолаушымен егіз тең екен.  
Жалғыздық деген қиын-ау,  
Жаныңда жарың жатпаса.  
Жаздың қысқа түнінде-ау  
Жарқырап таңы атпаса!..

### **ЕРЛАН САПАРҰЛЫНА**

Ерлан баурым, құтты болсын отауын,  
Қызықпенен, қуанышпен атсын ләйім әр таңын.  
Әке орнына әке болмақ өзіңе  
Ізгі тілек жолдап жатыр бұ қауым.  
Әсем қарғам, әсем болғай өмірде,  
Әзіл сөзбен қалжың көп қой көңілде.  
Анда-санда арсаландап келгенде  
Төрінді бер, жалтақтамай келінге.  
Жақсылығын тілеймін бұ ғаламның,  
Енбек еткін, ер ұлы боп даламның.  
Жабырқаған жадау көңілін серпілтші  
Сөйтіп қуант, тілеуқорың — Ананды!  
Шаңырағыңа бақыт құсын әкелдің,  
Ырыс-дәулет, думан-қызық тағы-тағы әкелгін.  
Жалғастырып жүре бергей жалғанда  
Арманына жете алмаған Әкеңнің!..

### **ТАЛҒАТ ТҰРЛЫБЕКҰЛЫНА**

Құтты болсын, Талғатжан, мүшел тойың,  
Кемелденіп әр жылы ақыл-ойың.  
Көп алғысын алғанның артығы жоқ  
Семіз болсын ылғида сойған қойың.  
Бұл әзілім жай ғана айтып тұрған,  
Түбіміз бір Даңқоймыз-Қарағаштан.  
Арғы атамыз — Бақтыбай, Таттыбайлар,



Текті елдің ұлысын, асып туған.  
Жастайыңнан іздендің, білім қуып,  
Түп қазығы-ғылымның туын тігіп.  
Кандидаттық атағын біле білсем  
Мүшел тоймен отырсың бірге жуып.  
Жә, жарадың, ақтадың ана сүтін,  
Және баурым ақтадың әке үмітін.  
Тәубе етейік, осыған тіршілікте  
Бү жалғанда жандар жоқ басы бүтін.  
Көп қазбалап қайтейін, асып кетпен,  
Айтар тілек, сол тілек осы жұртпен.  
Доллар, марка өзіне таңсық емес  
Әйтеуір құтылайын көк конвертпен.

### **БАЛТАБАЙ БАУЫРҒА**

Күні кеше бала едің,  
Елуге толдың Балтабай.  
Уақыт шіркін, ал енді  
Өтеді қалай байқалмай.  
Оқудың түбін түсірдің,  
Іштейін де, сырттайын.  
Қолыңнан күс ұшырып  
Жолыңды қусын Алтайың.  
Агрономдық қалды өзіңнен,  
Комсорг та болдың кезінде.  
Ұтылып тек сөзіңнен  
Шырылдап қалма бекерге.  
Кейінде тағы әкім болдың,  
Жақсыға жанас жақын болдың.  
Жаманнан аулақ тақыр болдың  
Жаза-жаза ақын болдың.  
Құдайым ғұмыр бере гөр,  
Әділдік жолын тіге бер.  
Аймандайын келінмен  
Отбасың аман жүре бер.



## **ЕГІЗ ҚОЗЫ**

*Айнұр мен Айзадаға*

Жабығып, жабырканып жүргенімде,  
Жұлдыздай түнде жауған жарқ еттің сен.  
Мен үшін қызық құлыным күлгенінде  
Канады мейірімім бір иіскесем.  
Атыңнан айналайын Айнұр деген,  
Айға емес Күнге дағы қол жеткізген.  
Айнұр мен Айзадамды алдыма алып  
Отырсам менен асқан жан жоқ дер ем.  
Жол түсіп, елден шалғай сапар шексем,  
Шықпайсың екеуің де егіз естен.  
Әкем де, анам дағы сендерсіңдер  
Көлбендеп жүрсең болды мен десендер.

## **ШЫҒАНБАЙ ҚҰДАҒА**

Елуден өтіп ердің жасы,  
Алпысқа жеттің алқынбай.  
Данқойдың бір бел баласы  
Қадірлі менің құдам-ай.  
Қамқор болып балаға,  
Жымып қана жүресің.  
Еңбегің кетпес далаға  
Сенің де бар үлесің.  
Алпыстан астың агажан,  
Жетпіске де жеткейсің.  
Сексенді де сағалап  
Токсаннан да өткейсің.  
Жүзге де келсін жасыңыз,  
Таусылмасын асыңыз.  
Жүзді де тойлап гулейік  
Ағайын, көрі-жасымыз.



## **АУЫЛЫМНЫҢ АРЫСЫ**

*Қайыргали Қаппасұлына*

Білім менің еріменен ардақты,  
Бірім менің еліменен салмақты.  
Білім менің қанша “даңқой” болғанмен  
Бідеріне ешбір салмақ салмапты.  
Бідің ері ел басқара білген ғой,  
Бідің ері дос-жаранмен  
өзіңдесіп күлген ғой.  
Бідің ері елмен бірге елмен  
бірдей әзілдесіп жүрген ғой.  
Тіріліктің тауқыметін жастай біздер  
нұтсақ та,  
Тірлік істеп, тар үйшікте бұйығысып  
жағсақ та.  
Туған ауыл көрінеді көзіне  
Мейірімді де, айбарлы да, асқақ та.  
Ыстық шіркін, алтын бесік ел іші,  
(Өйтсе де оған түспесінші,  
түспесінші ер ісі).  
Төні саудың құдайға да құлқы жоқ  
Ауырмаған сырқат жанды неғылсын.  
Жүрек шіркін, қайтып тағат табады,  
Жүрек толқып, жүрек тулап барады.  
Жата алмадым естігенде түсті деп  
Диспансерге, бауырымдай  
Қайыргали ағаны.  
Ағымдайын санаушы едім елге асыға  
барғанда,  
Аңшып-тұл, ерте әкеден  
жегімсіреп қалғанда.  
Асқар тауға балаушы едім бәрінді  
Асыр салып жүргенімде өмір атты-жалғанда.  
Беске шіғанда туған елді нелер қилы толады ой,



Еске алмаған есірікті есепке алма әрі қой.  
Тұрлыбектей, Қайырғали, Шәктайдай,  
Елдің ері, елдің ұлы бола білген жақсы ғой.  
“Елу деген — ердің жасы” ағатайым білсеніз,  
Мүшел тоймен құттықтаймыз Сізді біз.  
Ауылға аңсап барғанымда арман жоқ  
Күле қарсы-ап, елуде Сіз, алшан  
басып жүрсеңіз.

Дерт дегенді еске алмайық тастайық,  
Дертсіз жүрген ер жігітке тым лайық.  
Дерт деген не, тәйірі ол кіршік қой  
Дертті сылып, жаңа бір ән бастайық.  
Думан толсын, қызық толсын осы үйде,  
Шырқат әнді, шырқат баурым, бас күйге.  
Кәне, кәне, безілдетші сырнайды  
Дұшпан түгіл, досыңа да бас име!..

### **АСҚАР СЫРЫМБЕТҰЛЫНА**

Көп болғанмен қарындас та, брат та,  
Асқар бауырым, ұмытпапты бірақ та.  
Әдейілеп шақырыпты тойына  
Тағдыр айдап жүрген бізді жырақта.  
Айналайын Қарағашым, елімнен,  
Туган елден өмірбақи жерінбен.  
Айналайын Асқар баурым, баламдай,  
Айналайын бақытты бол, келінмен.  
Жас отаулар көбейгей өздеріндей,  
Аға ұрпақтың бүгінгі көздеріндей.  
Ұмытпаспыз сендерді бү гұмырда  
Ақын жазып қалдырған сөздеріндей.  
Құтты болсын қуаныш, Айманменен Сырымбет,  
Асқар баурым, қосағыңмен жүзге жет.  
Немере де, шөбере де сүйгізіп,  
Даңқойларға тағы тойлап дүрілдет!..



## **ЕСКЕ АЛУ**

*Әбуге*

Онбір жыл өтті, онбір қыс өтті келмедің,  
Онбір жаз өтті, онбір күз өтті  
еш жауап баурым бермедің.  
Онбір жыл өтті сарғаюмен сені ойлап  
Мүншама тағдыр болар ма сойқан  
өңсенден өзім кем бе едім?  
Сол жылда туган жас сәби бүгін ержетіп,  
(Шапқылап әне, шауып жүр күнге  
арқасын әбден терлетіп).  
Сол жылда еккен қарағай, қайын, тал, терек,  
Таласып көкпен, өсіпті бойлап тез жетіп.  
Сол жылы менде онбесте едім онбесте,  
Сөздім бе баурым, көз жұмып мәңгі  
кететініңді сенің келмеске.  
Не қызық көрдің, осынау жарық-жалғаннан  
Аяса тәңірі, аямай саған  
жетерлік гүмыр бермес пе ед?  
Онбір жыл өтті, онбір жаз өтті тынымсыз,  
Онбір қыс өтті, өтті ғой баурым, онбір күз.  
Өгер-ақ едім армансыз мынау фәниден  
Өмірінді сенің жалғастырып тірі жүрсек біз.

## **АЛШАҢ БАСЫП**

**Бүркітбай КӨШБАЙҰЛЫНА**

Жарты гасыр қол ұстасып,  
Жұбайлық гүмыр кештіңіздер.  
Жарты гасыр алшаң басып  
Қиындықтан өттіңіздер.  
Еш тайсалмай еңбек етіп,  
Маңдай терді төктіңіздер.



Бала сүйіп, немере өбіп  
Ұрпақ дәнін септіңіздер.  
Адамшылық қасиетті  
Жүректерге ектіңіздер.  
Тәрбие алып ата-анадан  
Бәйтеректей өстік біздер.  
Ерте күннен армандаған,  
Алтын тойға жеттіңіздер.  
Алдымызда аласармай  
Тұра берші, мына Сіздер!..

### **ТӨЛЕГЕНГЕ**

Уақыт шіркін, қалай жүйрік япырай,  
Кеше ғана келгендей-ек өмірге.  
Ел боп мынау тойлап жатқан бауырым  
Қырықтан асып, жетіпті-ау елуге.  
“Елу деген — ердің жасы” екен ғой,  
Тілек айтып отыр залда кәрі-жас.  
Жақан, Елжас түлеп ұшқан қияға  
Данқой елі — біз боламыз Қарағаш.  
Көкше халқы Төке, Сізді біледі,  
Томсарсаңыз жұбатады, күледі.  
Тауқыметін тартсаңдағы тағдырдың  
Шаңырақ иесі атандыңыз іргелі.  
Жазғаныңды тұшына жұрт оқиды,  
Әр сөзінді көңілдерге тоқиды.  
Төкен біздің мақтаныш деп қарсы алып  
Қошеметтеп көрсетеді бар сыйды.  
Азаматтық абыройлы ақ жолда,  
Түндігіннен үзілмесін бақыт нұр.  
Төке, Төке, жеңгемізбен шырқатып  
“Әтуғағай домбыраңа” салшы бір!..

### **ХАСЕН ҚАБДОЛУЛЫНА**

Қашан көрсең жайдары қарсы алады,  
Үлкен-кіші демейді, жас баланы.





Көмек сұрап барғанға көмек беріп  
Бет қайтармай әрдайым қол созады.  
Шықсын алдан жасаған жақсылығың,  
Елің үшін төктін тер алмай тыным.  
Жамбыл жасын тәңірім саған берсін  
Тілегім де тілерім осы шыным.

### **САҒЫНДЫҚ КЕНЖЕТАЕВҚА** *(өзіл)*

Былай қараған жанға “бюрократ” сияқтысын,  
Жылы қабак танытқанға “адвокат” сияқтысын.  
Жастайымыздан ішкі сырымыз мәлім  
Ойтеуір өзіме нақ Сағынтай сияқтысын.  
Преферанстан алдына жан салмайсын,  
Дойбыдан тағы көш кейінде қалмайсын.  
Жұмыс десе ішкен асынды қойып  
Тәуліктеп одан басынды алмайсын.  
Жүрегің ізгі, мәрт болсын бәрі сендей-ақ,  
Ел-жұртың солай жігітті жақтап, мақтамақ.  
Халқына адал осылай қызмет ете бер,  
Жалғасып гүмыр, таймасын басқа қонған бақ!..

### **САНСЫЗБАЙ АЛПЫСБАЙҰЛЫНА** *(өзіл)*

Сәке, саспа, бір көмек берем деп ең,  
Скоро өзіне әдейілеп келем деп ең.  
Содан бері бір емес, екі ай өтті  
Сарғайдым-ау, жол тосып елендеумен.  
Мәрт жігіттің бірі едің асып туган,  
Туыс түгіл, алашка мойын бүрған.  
“Құтылайын Көкеңнің баласынан” деп  
Берсең берсейш барынды қолда тұрған.



## **ҚҰДА-ҚҰДАҒИҒА**

Құда болдық құдай қосып мәңгіге,  
Жақындасып жасымыз да, кәрі де.  
Құдайым осыдан айырма деп тілеймін  
Жақсылықпен жарасады бәрі де.  
Туыс едік, бір тугандай бауыр ек,  
Тақау қонған көрші екі ауыл ек.  
Әркезде де ынтымақшыл болайық  
Іргемізді шайқалтпасын дауыл тек.

## **КЕРБЕЗІМ, ТЕКТІ ҰЛЫ КӨКШЕТАУДЫҢ**

*Әнші-сазгер Кәрім Есмағұлұлы Илиястегіне.*

Киелі Айыртаудың перзентісің,  
Кейінгі ұрпағына һәм ірісің.  
Құбылтып, жанды егілтіп ән салғанда  
Кәреке, сен артиссің, сен серісің.

Қ-сы: Шіркін біздің Кәрекен,  
Шежіре шертсе мән екен.  
Той-думанның сәні екен  
Жүрген жері ән екен.

Кәрекен — Шөже, Шоқан шөбересі,  
Кәрекен — Үкілі Ыбырай немересі.  
Кәрекен хас асылдар шыққан тектен  
Кәрекен — Көкшетаудың бір белесі.

Қ-сы: Көкшетау қашаннан да құтты мекен,  
Көкшені ер ұлдары шоктықты еткен.  
Көш бастап осынау топтан оза шауып  
Кәрекен жетпіс асып, бізге жеткен.

Қ-сы: Кездескен қиындыққа мойымаған,  
Қымбат-ау, әнші-сазгер тойы маған.  
Көкшеде хас таланттар көп болғанмен  
Кәрекен, тап мен үшін дүлдүл адам?..

*17 наурыз, 2000 жыл.*



## **НҮРПЕЙІС АҒАҒА, СӘЛИМА ЖЕҢГЕЙГЕ**

Нарық келіп қысқанда,  
Нарық заңынан ықпаған.  
Нүрекен мен Салима  
Не дегенмен мықты адам.  
Жұмысты бөгеп тоқтатпай,  
Тұрмысын және жақсартқан.  
Соңынан іздеп жоқтатпай  
Босағасынан аттатқан.  
Емініп барған жандарға,  
Көрсеткен ылғи жәрдемін.  
Қашан жүздесе қалсаң да  
Орындауға тырысқан тілегін.  
Айтқаным емес асылық,  
Қосағыңмен қоса ағар.  
Жасаған жұртқа жақсылық  
Түбінде Сізді бір табар!..

*сәуір 2002 ж.*

### **САҒЫНЫШ**

#### *Әмірге*

Жастықта жалындадың, арындадың,  
Сезбедің талай өткел, ағын барын.  
Желөкпе, жел көңілмен жүрдің шалқып  
Татсаң да жалғыздықтың талай зарын.  
Көңілің Көкшетаудың биігіндей,  
Үстінде ойнақ салған киігіндей.  
Туыс деп, ағайын деп егілгенде .  
Жатушы ең түніменен кірпік ілмей.  
Тірлікте жоқ қой шіркін, қадіріміз,  
Түсіндік айрылған соң өзіңнен біз. -  
“Сайлөшке, Сайкөнім деп кім келеді  
Бастық деп, арқа тұтар, осы ініміз”.  
Жаутандап әркімдердің қабағына,  
Қараушы ең алабұртып оған-бұған.



Тентек су кімнің бағын байламаған  
Татпаушы ең бал берсе де тамағынан.  
Кездейсоқ сөйтіп саған дерт жабысты,  
Жас жүрек тағат таппай, көп алысты.  
Ақыры ажал шіркін қармағына-ап  
Өзіңмен о дүниеде кеп табысты.  
Өлсең де, газиз бейнең мәңгі есімде,  
Гайбаттап, марайттасам сен кешіргей.  
Аруағыңмен қорғап, қолдап жүрші бауырым,  
Тірлікте өтермін мен кішіреймей!..

### **НҰРЛАН МӘМБЕТОВКЕ**

Не айтсаң да көнеді,  
Данқой десен “өледі”.  
Нағашы жұрты Қарағаш  
Көкшетау туган елі еді.  
Құдай қосқан қосағы,  
Кадидша сүйген ол жары.  
Келін болсаң сондай бол,  
Жұртым оған нанады.  
Нұрлан десең, Нұрлан бұл,  
Мақтамаймын күрдан күр.  
Мәртебең асып-тасысын,  
Жұлдызың жансын қырдан-қыр!..

### **АЛМА КӘМӘЛИКЕЛІНІНЕ**

Құтты болсын, Алмушка, мерейтойың,  
Мүшел асып, елуге келер тойың.  
Дүйсенбімен қызықта балаларды  
Алпысында, жетпісте сойып қойды.  
Құтты болсын, ағайын Жылқы жылы,  
Ауру-сырқау ұмытылып оны-мұны.  
Өткен жылмен қалсыншы ауыртпалық,  
Қызық-қуаныш толсыншы әрбір күні.



Күтты болсын, дос-жаран күрбы тойы,  
Той-тойлауға жазсыншы гүмыр бойы.  
Үн-жорғамыз түспесін жігерленші  
Балқыгандай бар мүшен, өне бойың.  
Күтты болсын, мүшел той, уа халайық,  
Би билейік, ән салып, шыркатайық.  
Шарап толы бокалды сыңғырлатып  
Ал кәнекей, қол соғып, ап қояйық!..

### **СОВЕТКЕ**

Сөйле десең сөйлейін,  
Қалыптасқан әдетпен.  
Жұрттан өзге не дейін  
Елуге толған Советке.  
Жазып-сызған жасында,  
Қалам алып ертерек.  
Он өнер бар басында  
Елден ерек бұ Совет.  
Институтты бітірмей,  
Газетке үйірілген бұ Совет.  
Содан-содан кідірмей  
Жұмашқа үйленген бұ Совет.  
Есеп-шоттың тарланы,  
Экономист бұ Совет.  
Қиын жолды таңдаған  
Журналист те бұ Совет.  
Қазақ тілін “көгерткен”,  
Қос ағасы бұ Совет.  
Салық нарқын көбейткен  
Бас ағасы бұ Совет.  
Жиын-тойды басқарған,  
Асаба да бұ Совет.  
Шырката бір ән салған  
Ақынжанды бұл Совет.



Ұзақ созып не дейік,  
Ауылдасқа, күрдасқа.  
Ұзақ гүмыр тілейік  
Тіфа, тіфа тіл тасқа.

## **АҚ АЛҒЫС**

*Кенжебай Мұқышевқа*

Қанатым, Қайыр менен Кенжебайым,  
Емдері сыркат үшін әркез дайын.  
Қыспағына алса да нарық мынау  
Еңбектерің жемісті болсын ләйім.  
Үшеуің үш атаның баласысың,  
Шипа іздеп келген жанның панасысың.  
Ұлт-ұлтқа және бөліп жатпайсыңдар  
Алаш па, туыс па әлде, аласы кім?!  
Қалайша мен сендерді кемітемін,  
Жүректі жырға бөлеп егілтемін.  
Жалпақ жұртқа айғақтап жүрсіндер-ау  
Қазақта да мәрт ұлдар бар екенін.  
Қанатым, Қайыр, Шолпан, Кенжебайым,  
Сыркат жанға әрқашан емі дайын.  
Елі үшін маңдай терін төксін деген  
Анадан, өз Анаңнан айналайын!..

## **ОРЫНБАСАР НАЗАРОВҚА**

Қарағаш деген ауылдан,  
Түлеп ұшқан баласың.  
Шыныққан боран, дауылда  
Бүгінде жігіт ағасы.  
Қарағаш деген киелі ел,  
Ұрпақсыз өткен кемде-кем.  
Ел таныған талай ер  
Қанатын қомдап жетілген.



Жалғастырған сол тойды,  
Ақылгөй аға өзіңсің.  
Басын қосқан Данқойдың  
Аталардың көзісін.  
Құтты болсын алпысбес,  
Жетпістен де өткейсін.  
Кемелденіп ақыл-ес  
Жүзге де аға, жеткейсін.

### **ҚАНАПИЯҒА**

Құтты болсын асқаралы Елуін,  
Мүшеліннен аман өтіп осы жасқа келуің.  
Жолдас-жора, ағайын мен туыстың  
Жарасып тұр басын қосып дәм беруің.  
Жиырма жылдай бір үйде бірге тұрдық,  
Жастық шақта ойнадық, бірге күлдік.  
Сауық-сайран құрғанға не жетеді  
Тірлік шіркін өтеді бір-ақ күндік.  
Кейде отырып налушы ең жалғызбын деп,  
Жүрген сонау Омбыдан жалғыз біз деп.  
Қызың өсіп, ұлдарың ержетті енді  
Тәңірі өзі сақтасын тіл-көзден тек.  
Еңбегіңмен ел сенімін ақтадың,  
Ерте тұрып, дамыл және таппадың.  
Шайқалғанмен шаңырағы Көкшенің  
Өзгелердей “сокращениге” ілігіп  
Қақпадың сен басқалардың қақпағын.  
Айта берсем, айтарым әлі де көп,  
Өткен үнім шықпай тұр, тісім де жоқ.  
Тойың тойға ұлассын Қанапия  
Күйеуліктен өттің гой жиен де боп. -  
Алаулаған оттай бір біз жанайық,  
Мерейтойда би билеп, ән салайық.  
Ал ағайын, жекжаттар-бауырларым  
Рюмкамызды кәнекей, ап қояйық!..



## **ӘН ЕРКЕСІ**

*Еркін Біржановқа*

Баритон дауыс, үні асқак, кең көмей,  
Жерменен аспан кеткендей елтіп дөңгелей.  
Шырқатып бір ән салғанда Ерекен  
Жатарсың қалай делебен қозып билемей.  
Қарапайым ғана қазақтың бел баласы,  
Тәнірім қолдап әрқашан болған панасы.  
Ауылда жүріп талантымен танылған  
Туган ауылы — әкесі де анасы!  
Зал толы қауым құрметтеп келді ол анык,  
Тарланбоз ұлдың хас өнерін жұрт танып.  
Шаттансаң шаттан, мақтансаң мақтан ағайын  
Мақтауға ылайық біздің Еркін Біржанов!

## **РАҒИПАҒА**

Құтты болсын Рағипа, мерейтойың,  
Кемелденіп бү жаста ақыл-ойың.  
Ағайын, дос-күрбының арасында  
Жарасып жүре бергей өне бойы.  
Қуандықпен жүз жасап, қызық көргін,  
Немереде көбейіп, ұрпақ өнгін.  
Тірлікте сыйластыққа не жетеді  
Ажал шіркін қойса егер, келмес өлгін.  
Арман көп-ау, әркімде арман деген,  
Әке-асқар тау, бұлағы туган енен.  
Бүтін болса шаңырақ жау алмайды  
Жау алмайды, оллаһи соған сенем.  
Өсек сөзге ермейік ешқашанда,  
Сыйластықпен жүрелік бас аманда.  
Ғұмыр шіркін өтеді судай сініп  
Мәңгі тұрмақ ешкім жоқ бү жалғанда!..





## **ШОҚАН ҮМБЕТОВКЕ**

Шокан кұда, мәртебең өсе берсін,  
Шаттықпенен әр күнің өте берсін.  
Шаңырағында шалқысын құт-береке  
Орындалсын тілегің-не тілейсін.  
Ұл-қызынды Галяменен қызықта,  
Немере сүй, ата болу қызық та.  
Тек әйтеуір бар тойында туыс деп  
Мына бізді шақыруды ұмытпа!..

## **ҚУАНДЫҚ СЕЙФОЛЛАҰЛЫНА**

Қуандық, тетелес інімсің,  
Туыстың, бауырдың бірісің.  
Кейбіреу аяқтан шалғанмен  
Өзіме әрқашан ірісің.

Ауылға келгенде аңқылдап,  
Алдымнан шығасың жарқылдап.  
“Төрлет!” деп құрақ ұшып, иіліп  
Әкемдей, шешемдей қарсы-ап.

Еңбекпен есейдің, ер жеттің,  
Ел үшін аянбай тер төктің.  
Гүлзира-гүлінді ұзатып  
Иіскедің иісін сен  
Бұрынырақ жөргектің.

Айналдым өскен жер, елімнен,  
Жасымнан жыр болып төгілгем.  
Елуге елуді қосқайсың  
Қосағын — Рагипа келінмен.

Жақсы-ау туыстың бары да,  
Жасы да, ақылшы — кәрі де.  
Қаланың жатағы болсақ та  
Сыйладым қолымда барымды.

Той-тойға ұлассын әманда,  
Той тойлау қиынырақ осы заманда.  
Тойларда қауышайық әйтсе де  
Денің сау, басымыз аманда!..

1998 ж.



## **ЖЕҢЕШЕМЕ**

*Жанна Мейрамқызына*

Жүзіннен әр таймаған жансың-ау жарқыраған,  
Жетпей колы талайдың үздігіп қалтыраған.  
Жүресін сен жайдары қалпыңменен  
Жеті рет өлшеп-пішіп, мың санаған.  
Жүрегің пәк, “пақырға” көңілің ашық,  
Жігіттердің талайы өзіне болған ғашық.  
Жалғыздық тек тәңірге жарасқанмен  
Жалғыздарды көргем жоқ кеткенін асып-тасып.  
Жалғыздыққа жеңешем, өз басыңды қимаймын,  
Жолы үлкен деп құрметтеп бек сыйлаймын.  
Жасыңа жас қосылған осынау шақта  
Жалғыздыقتан күтқарар жар табылғай ылайым.  
Жасыңның қанша екенін айта алмаймын,  
Жұрт құсап, конверт беріп, байыта алмаймын.  
Жеңешемнің тойынан әйтеуір мен  
Жүз грамм ішпей және қайта алмаймын.

## **ӘБІЛЖАНҒА**

Қыз мінезді Әбекен,  
Елуге міне, толыпты.  
Орта жасқа келгенде  
Басына бақыт қоныпты.  
Үйінен аттап шықпайды,  
Кандидаттық қорғамак.  
Зәмзәм судан татпайды  
Кейін бірақ тойламак.  
Уақыт жылжып өтсе де,  
Түспесінші әжім тек.  
Томсырайма, өкпелеп,  
Айтқаным ғой әзілдеп.  
Ұл-қызыңды қызықтап,  
Қосағыңмен жүз жаса.  
Керейдің бір ұрпағы  
Алшандай бер, нык баса.



## **БАЛТАЛЫҒА**

Бойдак кезде бір жүрген,  
Бозбала күнгі құрдасым.  
Жігіттік шақты өткізген  
Балталы, менің сырласым.  
Жұбымызды жазбай отыз жыл,  
Қалам тарттық қағазға.  
Жиналған залда осы жұрт  
Бағасын берер, көп, аз ба?  
Елуге жеттің еңтікпей,  
Елу жасты еңсеріп.  
Отыр сыйлап тектідей  
Адамгершілігіңе ел сеніп.  
Тілегім сол, өрге бас,  
Шалдықпағай самғаудан.  
Елуге толған замандас  
Елуден асқан Сайлаудан!

## **ӨТЕГЕНГЕ**

Уа, құрметті жамағат,  
Ұлан тойда бүгінгі,  
Мен сырымды ақтарам.  
Өтегендей жігітті  
Елі-жұрты мақтаған  
Қалайша өзім мақтаман!  
Қыз-қырқынға көз салып,  
Аяғын аңдап бұл басқан.  
Айыртаудан әрі асқан  
Золоторунға аялдап,  
Айманменен отасқан,  
Уағдаласып, матасқан.  
Көрші тұрдық бір кезде,  
Тағдыр жазып біз пенде.  
Өткен күнді еске алсақ



Айып емес, бұл кеште,  
Ұмытпаймыз бәрі есте.  
Той дегенде домалар,  
Қазағымның қу басы.  
Ғапулық еткін, ағайын  
Сөзімнің болса қатасы.  
Мүшел жастан өткенде  
Құрмалдық қалай шалмасын  
Қызымның кіндік атасы.  
Өтеген-жан, Өтеген,  
Мен үшін артық бір басын.  
Тел қозыдай құрдасым,  
Замандасым, жолдасым.  
Қағажу көрсем өмірден,  
Сырласатын мұндасым.  
Құтты болсын елуің,  
Саған бата беруім.  
Қосағыңмен қоса ағар  
“Кіндік мамка” екеуің.  
Даңқойдың бір ұрпағы  
Тойыңа тағы келейін!..  
Әумин!

## **ЖЕТПІСКЕ ЖЕТКЕН АПАТАЙ**

*Шамшия АЙТЖАНОВАҒА*

Жетпіске жетті демейсің,  
Жеңгедей, һәм шешеміз.  
Желкілдеп ақ жаулығы  
Жүзінен жылылық еседі.  
Жаны ізгі, жарқын жан,  
Жүрегі кең даладай.  
Жымиып қана жүреді  
Жаңа туған баладай.  
Жабырқанса кей-кейде,



Жыр жазады көсіліп.  
Жадау тартқан көңілі  
Жібек баудай есіліп.  
Жалғыздық түссе басына,  
Жатты тартар туыс қып.  
Жетімдерді жебеген  
Жесірлерді «уыз» қып.  
Жүз жасағай, алшандай,  
Жыр жампозы Жамбылдай.  
Жаны жаздай апатай  
Жаркырай бер жұлдыздай.

## **ЖАСАЙ БЕРГІН, ЖАҚСЫ АПА**

*Нағима Құсайынқызына*

Білмейтінмін апайды,  
Жүздеспегем ешқашан.  
Ақтаратын талайды  
Жасырмай сыр-ізгі жан.  
Өмір жолына қанықпын,  
Қалдырған мұра белгісін.  
Жүрек лүпілін жаңа ұқтым  
Тер төккенін елі үшін.  
Болса болсын бәрі де,  
Болсын сіздей Аналар.  
Ұлағаттап әлі де  
Еңбегіңіз бір жанар.  
Есімізді текке атап,  
Отырғам жоқ жағына.  
Жасай бергін, Жақсы апа,  
Ұрпағыңыздың бағына!..

## **РАСУЛ ЖАБАЛУЛЫНА**

Өткен күндер көз алда, бәрі есте,  
Айтылар сөз, ақтармақ сыр жететұғын бү кеште.



Кеше туған Расулжан тойлап жатса  
Жастар өсіп, жетілген осы емес пе?  
Құтты болсын, ұлы той Жабал баурым,  
Құдай қосқан қосағың-Майра аяулың.  
Бірге өстік, бірге оқып, бірге жүрміз,  
Бізге тірек-іргеде туған аулым.  
Тауқыметін тағдырдың ерте таттық,  
Ерте айрылып анадан мұңға баттық.  
Әкеден де ертерек қолды үзіп  
Талай түндер ұйқысыз біздер жаттық.  
Ет тірлікпен іргелі үй атандық,  
Үлкендерден талай мәрте бата алдық.  
Әлі күнге өзімізді жас санаймыз  
Кешіргей деп, жасай қалсақ қаталық.  
Ұрпақ өсіп, үрім-бұтақ көбейсін,  
Бөгде ағайын,  
“қантарда қаз көрген Данқой” демесін.  
Екі жасқа бар бақытты тілейміз:  
Аруақ қолдап, Періштелер жебесін!..

*12 қаңтар, 2002 ж.*

### **ОЙ-ТОЛҒАУЛАР**

Бү дүние келер қайтып, келмес қайтып,  
Несі айып, өтсек шіркін, шындықты айтып.  
Мың күнгі жұмағыннан жаным тәтті  
Көз жұмсақ, ажал жетіп, сонда қайттік?

\* \* \*

Өмірдің бір қызығы — бала деген,  
Баласын мақұлық та жек көрмеген.  
Өзінің қалса артында жұрағаты  
Пенденің арманы жоқ әлем деген.

\* \* \*

Ана - ол әлемдегі жарық жұлдыз,  
Ана - ол баға жетпес асыл құндыз.



Желкідеп шыққан жасыл күрақтайын  
Анадан тарайды екен үл менен кыз.

\* \* \*

Тірлікте көп жылармын, көп күлермін,  
Күрбымен әзілдесіп тең жүрермін.  
Беу, шіркін, бү дүниенің жалғандығын  
Анадан ерте айрылған мен білермін.

\* \* \*

Туыстың жоғынан да, бары жақсы,  
Жөн сілтеп, ақыл айтар кәрі жақсы.  
Пыш-пыштап, гайбаттаған сөзі жаман,  
Әйтпесе қазағымның бәрі жақсы.

\* \* \*

Төсек тартып, аурып-сырқай қалсаң,  
Туысыңнан еш артық таба алмайсың.  
Расы сол, бауырым тілімді алсаң  
Қарсы шығып, дауласар, кәне қайсың?!

\* \* \*

Өмірдің шыжығы да, қызығы көп,  
Пенденің естісі де, бұзығы көп.  
Жаңылмас тірі жан жоқ бү фәниде  
Сөзінің дұрысынан бұрысы көп.

\* \* \*

О, достым! Ақылшы көп сүйт-бүйт деген,  
Жазғырып оларды өзім ез ит демен.  
Жақтары шіркіндердің дамыл таппас  
Керауыз қатын құсап сөз күйттеген.

\* \* \*

Қазақтың қазақ деген аты жақсы,  
Шыққаны, аргы тегі, заты жақсы.  
Кейінгі ұрпағына шежіредей,  
Қалдырған том-том кітап, хаты жақсы.

\* \* \*

Білмеймін көнбесіңді, көнеріңді,  
Баспасаң баспай-ақ өлеңімді.



Тек ұғын, кәрі емендей копарылып,  
Күні ертең өзіннің де өлерінді.

\* \* \*

Тіктеу деп сенің мінезін,  
Бетіме басты біреулер.  
Білмейтіндей мен өзін  
Болашақ біздің “күйеулер”.

### **ЖАҚСЫДАН-ШАРАПАТ**

Бәз біреулердей мақтаныш үшін айтып отырған жоқпын, менің әкейім Көшкен (Ғұмар) Зікірияұлы ауылдағы өз тұрғыластары арасында шешендігімен, шежіре-тарихты шебер талдап беруімен, білгірлігімен ерекшеленуші еді. Тіпті өзара бас қоса қалған жерде ол кісінің көнеден қозғаған әңгімесін жастар түгілі үлкендер қызыға тыңдайтын.

Со әкейім 1973 жылдың қыркүйек айында 73-ке қараған мүшел жасында дүниеден өтті. Әкейім сырқаттанып жүрген кезінде оның газет, журналдардан, кітаптардан оқып (ол кісі мейлінше сауатты да еді: латынша, арапша оқи беретін) өзінше өндеп, толықтырып айтатын баталарын магнитофон таспасына жазып алған едім. Кейінгі жастарға өсиет ретінде сол бата-тілектерді қаз-қалпында оқырмандар назарына ұсынғанды жөн көрдім.

\* \* \*

Иә, бисмилләһир, рахман ир рахим,  
Иә, тәңірі сақта,  
Бақыт бер басқа,  
Таупық бер жасқа,  
Бармын деп таспа,  
Жоқпын деп саспа,  
Береке бер  
Ішіп жейтін асқа.  
Иә, құдай бере көр,





Тілеген тілекті.  
Қорқытпай орнықтыр  
Шошытпай жүректі.  
Иә, құдай сақта!  
Ауырып жатпа,  
Тәубе қыл,  
Денің сау жүргенде  
Сиынып жалғыз Хакқа!..

\* \* \*

Иә, құдайым оңдасын,  
Ғаплат жолға салмасын,  
Мезгілсіз ажалдан,  
Аурудан, оттан, соттан сақтасын.  
Адалдықты жақтасын,  
Сайрап тұрған қызыл тіл  
Жаман сөзге баспасын.  
Нелер қиын іс болса  
Бір Алла өзі сақтасын.

\* \* \*

Адам-Ата пайғамбар,  
Қолдай көр екі аруак, бір құдай.  
Екінші Нұх,  
Мың жасаған Лұқман.  
Бү дүниенің жүзінен,  
Олар да өткен бір заман.  
Біз өтеміз дүниеден  
Дүние шолақ,  
Жанның бәрі қонақ,  
Білгеніңше тәубе қыл  
Айтатыным сол-ақ!..

\* \* \*

Иә, құдайым оңдасын,  
Оңдағанның белгісі  
Жан-жағынды торласын.



Достарың келіп қамалап  
Дұшпаныңды қорласын.  
Аспаннан таупық берсін,  
Жерден негмет берсін.  
Алладан не тілесен  
Соны берсін.  
Қайырлы ғұмыр берсін,  
Таусылмайтын ризық,  
Таупықты перзент берсін,  
Аллаһу-акбар!

\* \* \*

Иә, құдай бас бер,  
Қайырлы жас бер.  
Ішіп-жейтін ризық  
Таусылмайтын ас бер.  
Ағайын болсаң, қоғам бол,  
Бірің оған болсаң,  
бірің бұған бол.  
Үлкен болмай кішік бол,  
Ел сыйлайтын кісі бол.

\* \* \*

Иә, Алла хақ,  
Тілеуші тіл мен жақ.  
Сұраушы біз,  
Беруші Сіз,  
Бере көр басқа бақ.  
Алла, өзің біл,  
Тілегім — аурудан сақта,  
Мезгілсіз ажалдан сақта,  
Көлденең пәлеңнен сақта,  
Көңілі бұзықтан сақта,  
Сөзі шайпау қатыннан сақта,  
Халыққа еңбек ет,  
Еңбек етпей, ұйықтап жатпа.  
еңбек етсең түзу  
Кез боласың баққа.



Айтатыным жок,  
осыдан баска.

\* \* \*

Иә, кұдай сақта.  
Адалдықты жақта.  
Еңбек ету міндет  
Текке ұйықтап жатпа.  
Сырыңды айтпа жақынға,  
Айтып қояр жатка.  
Айтатыным ақыл  
Аян болсын хаққа.  
Аргы атам Бақтыбай,  
Тілеуші біз,  
Тілекті бер екі аруак,  
Бір Құдай.  
Қайырлы бала болсын,  
Білетін дана болсын.  
Ағайын туысқа, сүйікті  
және болсын.  
Үлкенге қызықты болсын,  
Кішіге қылықты болсын.  
Дәрежең биік,  
Еліне білікті болсын.  
Аспаннан таупық берсін,  
Жерден неғмет берсін.  
Алладан не тілесен  
Соны берсін.  
Қайырлы гүмыр берсін,  
Шыққанның есесін берсін.  
Кіргеннің берекесін берсін.  
Қайда жүрсен  
қыдырға кез болсын.  
Тілеуші біз,  
Беруші Алла өзі білсін  
Аллаһу-акбар!..

*1973 жыл. Қарағаш ауылы.*



## **Я ЛЮБЛЮ ТЕБЯ, ЖИЗНЬ!**

С того мгновения, как сознаю окружающее, я восхищаюсь тобою — жизнь! Я влюблен в тебя за то, что подарила мне синеву беспредельного неба, задумчивые просторы степей, задушевные песни лесов и изумительно чистые глади озер. Я благодарен за то, что сознаю величие Родины, что меня всюду ласкает взгляд матери.

Мать! Мне трудно представить твой облик. Мне больно, но я ведь был юн. Все тянулся беспомощными ручонками к твоей груди или засыпал безмятежным сном.

Мать! Я не мог тревожиться о твоём покое и заливался плачем. Ночами прерывая свой чуткий сон, ты сидела над моей колыбелью и заворожено смотрела в дорогие черты.

Милая! Родная! Жестокая смерть оторвала тебя от всего. Тебя отделил серый могильный холмик земли. А я остался один — беспомощный и наивный. Через время дни кажутся снами, а горе мгновением. Я возмужал. Мать, если бы ты могла видеть все твоё лицо бы озарилось радостью. Я бы многое отдал за прикосновение твоих рук, за счастливый блеск твоих глаз.

Мать! Я нашел свое место в жизни и люблю свое дело. Хочется оставить в жизни свой след и добрую память людям. Я не буду ползать по земле и бессильно смотреть в небо. Я должен быть крылатым и в мечтах, и в делах. Мать, я достигну желаемых вершин, но не оторвусь от людей — буду с ними на равной ноге. Если надо, достигну звезд, пронесусь над гребнями волн, вверу в молодую душу солнечное тепло. Все под силу, но как мне услышать тебя.

Мать! Я счастлив жизнью и любовь к ней стынет с годами.

Мать! Я хочу себя видеть отцом, ласкать твоих внуков.

Я люблю тебя, жизнь: не могу насытиться на просторах земли и вдруг хочется окунуться в спокойной глади озер. Чувство зреет с годами, переполняет душу и вновь вырывается — я люблю тебя, жизнь!..

*1968 год.*



## КӨРИНГЕН «ИТТІ» ЖАЗҒАНДА (әзіл)

Айтмұхамбеттің менен бірер жас үлкендігі бар. Ауылдық мектепте де бірге оқышық. Бірге ойнап, бірге жүрдік. “Қыздарға да бірге бардық” дегендейін, құдай қосқан қосағы-көрші ауыл - Амандықтан Бақыпты да жиырмалардан енді асқан шапымызда қазақшылап айтқанда алып қашып, о жақтан “жаушылар” келіп қалама деп түн, күн күзеткеніміз әлі есімде. Қазірше бір-бір шаңырақ иесі атанып отырған — Ғалым, Бейімбет, Елемес марқұм, Сырымбет бәріміз сол үйде сөткелеп жатып гүлегеміз. Жайшылықта түнімен көк түгінді бүркыратып, қызылы ма, ағы ма, “ашы суды” езуімізден аққанша ішетін бізден ығыр болып, ауызғы үйде өзімен-өзі күбір-күбір сөйлеп, кіртііп, қабақ бере бермейтін Бикен шешей де шаңырағына ырыс бұлып келін түскен соң, қаймағы мен қоспасын, тағы басқасын алдымызға қойып, буы бүркыраған сары самауырынын шденеше әкеп, шайын тосты. Бүгінде сол Бақып пен Айтмұхамбет те қыз ұзатып, келін түсіріп, бай-бәйбіше атанып отыр.

Осы арада айтпағым, анада “Ауыл адамдары” деген жана жинағымды алып, елге бармаймын ба? Анаған да, мынаған да беріп жатырмын. Байгазысы деп оны-мұны ұсынғаншарға да жә демеймін. “Бұл кітапта Қарағаш туралы, басқалар жайлы да материалдарым бар” деп күпініп қоямын ара-арасында.

Арада ай салып, туған жерге тағы жолым түсті. Ойда-жоқта бала күннен жан жолдасым, әлі төл күрдасым — Айтмұхамбет кездесе кетпесі бар ма? Көптен көріспеген туыс жандардай амандық-саулық сұрасып жағырмыз. Бір кезде Айтмұхамбет:

— Әй, Сайлөшке, - деді, - сенің көңіліңе келсін, келмесін айтпасқа болмады. Әнеугі Бақытқа берген кітабыңды ежелеп болсын түгел оқып шықтым. Тәңірі, бетіңнен жарылқасын, жақсы жазыпсын. Әсіресе, ауыл жайлы, енең, Көкең жайлы (әкемді айтады) жазғандарыңды дымын қалдырмай оқыдым. Басқаларын да оқыдым. Бі-бірақ деймін, сонау



бойдак күнінде қаладан жаяулап-жалпылап ауылға келіп, жаздың жауынында, қыстың боранында дірілдеп-қалшылдап, бүрсендеп, о кезде автобус деген жүрмейді, мына тұрған онтоғыз-жиырма шақырымдағы — Октябрьге, одан әрі Ортақтың границасына дейін астымдағы водовозбен, сол уақытта екі аяқты мотоциклмен өзіңді талай апарып, талай жеткізіп ем,.. Айтайын дегенім, кітабында көрінген “итті” жазғанда сол қиыншылық заманда бірге өскен, бірге жүрген мына сволочь мен туралы неге бірауыз жылы сөз жазбадың. Астыңа тай мінгізбесем де, аштан өліп, көштен қалып жатқаным жоқ, жұрт сықылды байгазысын берер ем ғой. Соған өкпелеймін, - деген еді.

Не дейін. Бар кінәмді сезіп тұрмын. Айтмұхамбеттің айтқанының шындығы да бар. Со кінәмді жуганымның белгісі ретінде осы “хикаятты” сіздердің сарабыңызға салып отырмын.

### **“БІРБЕТКЕЙ” МІНЕЗ**

Көлбай Төлеубайұлы — тумысынан көнбіс жан. Өйде-үімізге себеп, ол сонау бір жылдары аудан көлемінде шаруашылығы кейін кетіп, егіннен де, малдан да көрсеткіштері кері сырғып, экономикасы тығырыққа тіреле бастаған Абай атындағы совхозға, қазіргі осы аттас серіктестікке директор болып келгенде алдында шешуін күткен қыруар іс күтіп тұрғандығын жақсы сезінген-ді.

Не керек, басшылармен де, қосшылармен де (о кезде партияның дүркіреп тұрған шағы) тіл табыса білген ол келе-ақ билік тізгінін өз қолына алды. Өзгелерден де жұмыс істеу стилін басқаша жолға қоюды талап етті. Көп кешікпей-ақ совхоз орталығы - Қарағашта да орталық кеңсе мен селолық Кеңсе үйін сөз етпегенде, почта, кітапхана, клуб, асхана, наубайхана, шеберхана мен автогараж, тіпті моншаға шейін жұмыс істей бастады. Ауыл сыртындағы он шақты базда ірі қараның тұр-түрі болды. Мінсең - көлік, саусаң - қымыз жылқы басы да көбейді. Жылдар бойы жөндеу көрмеген жолдар қалыпқа келтіріліп,



асфальтау қолға алынды. Жоғары кернеулі электр желісі тартылып, әр үйде радио мен телевизор саңқылдап тұрды.

Көлбай ағамыз болса — қазір зейнеткер. Туған елі шалғайырақ жатқанымен Қарағаштан кеткісі жоқ. Өйткені бұл ауыл өз екінші туған топырағыма айналды, — дейді ол. Кейінгі туған балаларымыз да осында өсіп-өнді. Оқыды. Ержетті. Ағайындардың біразымен құда-құдандары да болып отырмыз.

— Қазіргі тіршіліктеріңіз не? — деймін гой тосыннан.

— Е, ел құрлы тірлік жасап жатырмыз, — дейді Мукачев (Мұқашев емес) күлімсіреп. “Тұрымтай басына” деп өркім күнкөрудің қамын күйттеп кеткенде мен де жұртпен білесіп жер алғам. Аздап егін себеміз. Жолдасым — ауыл мектебінде мүғалім. Балалардың әрқайсысы әр жақта. Бірақ көбіне салмақ өзімізге түседі. Сондықтан “Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды” деген емес пе. Қарап жатпай, қимылдауға көшкенміз.

— Ал ауылға жандарың ашып, ауылдың жайын ойлайды екенсіңдер. Бізді де ойлай жүріңдер, — деген ағамыз. Мұны айтып тұрғандағы себебім, осы ауылдың тумасы екендігінді жақсы білем, тіпті үрім-бұтағына шейін білдім десем болады. Бәлен жыл қалам тартып, жазушы қатарына да қосылғаныңды естіп жатырмыз. Өйткенмен өз ағайындарыңды, өз тугандарыңды жаза бермей, бірер уақыт шетте “қаңғып жүрген” мына біздерді де ескерсеңдерші...

Көлбай ағаның да айтып тұрғандығы шындық. Кезінде ол кісіні де редакция тапсырмасымен талай келіп, талай “іреп” кеткеніміз бар-тын.

Ал кейінгі қайта құрудың желеуімен жүргенде бәрі құрыды. Іргелі деген шаруашылықтан дым да қалмады. Ең аяғы екіқабатты орталық кеңсе үйі ғимаратының тас-талқан бұзылып қалғанын көргенімде, көзіме жас келгені бар. Кітапхана, клуб дегенің атымен жоқ. Ескі ауылдағы бұрынғы дүкен — мешіт үйіне айналыпты әйтеуір. Іші малға толы қоралардың да жұрнағы көрінбейді.



Талай сынасақ та соның біріне де қыңк демеген бұ кісі. “Шаруа бар жерде кемшілік болмай тұрмайды” дейтін де қоятын. Сол баяғы мінез, әйтеуір қайта құру құрығанмен өзінше “қайта құрылған” Көлбай аға бәлен ата бас қосқан осы елге сыйысып отыр. Аңқылдақ қалпы. Сонысынан әлі танбаған. Сол қалпынан, сол мінезінен әлі де танбай келеді...

## **АУЫЛЫМА**

*(“Арыс жағасында” өнімен)*

Туған жер Қарағаш,  
Той-думан аралас.  
Қызықтап осынау өңірді  
Құлпырттық өмірді.

Қ-сы: Есейіп ер жеттім,  
Еңбекпен мен кеттім.  
Көзіме елім елестер  
Ой-қыры белестер.

Ауылым Қарағаш,  
Жырламай жарамас.  
Туған соң оның ұлы боп  
Төгілем жыры боп.

Қайырмасы:

Өсе бер гүлденіп,  
Жазира түрге еніп.  
Алып күш-еңбек қайнасын  
Туған жер жайнасын.

Қайырмасы:







## ***II. МЕН ТУРАЛЫ***



## **“ӨМІРДІҢ АЩЫ ШЫНДЫҒЫ”**

*мақалалар жинағына пікір*

Сайлау Көшкенұлы көп жылдан бері “Көкшетау” газетінде қызмет істеп келе жатқан қаламы төселген журналист. Оның қаламынан талай-талай очерк, әңгімелер, сын мақалалар мен шымшымалар шықты. Бірталайы кезінде республикалық баспаларда әртүрлі жинақтарда жарияланған да болатын.

Әсіресе соңғы жылдары Сайлау қазіргі күн тақырыбына жиі-жиі қалам тартып келеді. Нарықтық экономика, еліміздің тәуелсіздігі, тіл тағдыры, нарық титықтатқан халқымыздың әлеуметтік жағдайы, жастар тәрбиесі, тәуелсіз елдің армиясы, міне, осының барлығы журналисті толғандырады, ойландырады. Сондықтан ол ой толғайды. “Өз топырағымызда өгей бала болмайық”, “Қоғам өзгергенмен, адам өзгерді ме?”, “Заман қайтсе түзелер?”, “Көсеге қайтсе көгерер?”, “Бас шұлғи бермекпіз бе?”, “Сатпа қазақ, малыңды!” міне, Сайлау мақалаларының тақырыптары осылай жалғаса береді. Мұның барлығы Көшкенұлы өзі айтып отырғандай “Өмірдің ащы шындығы”, оның ұлтшылдығы емес, ұлтжандығы, автордың жанайқайы.

Өткен жылы Көшкенұлының көкейтесті мақалалары, шымшыма сықақтары үшін оған Көкшетау облыстық Журналистер ұйымының Ж. Мусин атындағы сыйлығы берілген болатын. Оның шығармалары әлі күнге дейін облыстық “Көкшетау” газетінде жарияланып келеді. Олар өзінің тақырыбы, көтеріп отырған мәселесі жөнінен газет оқушыларының ойынан шығып, жұртшылық тарапынан қолдау табауда.

*Әбділда ДҮЙСЕНОВ,  
Көкшетау облыстық Журналистер  
ұйымының жауапты хатшысы.*

наурыз, 1995 жыл.



\* \* \*

Журналист Сайлау Көшкенұлының толғамды очерктері, татымды суреттемелері, оқуға жеңіл, ойнақы қағиыт-на сықақтары әрісі “Ара” журналы, “Қазақ әдебиеті” газеттері, берісі аудандық, облыстық басылымдарда жиі жарық көріп жүр.

Ұзақ жылдар бойғы журналистік қызметте жүріп көріп, түйгені мол ол өмірдің актуальді мәселелерінің бүгінгі мәнін ашу, қоғамдағы ірілі-уақты қайшылықтарды аңдау, оның себебі мен салдарына үнілу арқылы мақалаларының маңызын салмақтандыра түседі. Сондықтан да журналистің әр жылда жазылған мақалаларының басын біріктіріп жинақ етіп шығаруы өте орынды деп санаймыз.

1994 жылы өткір мақалаларының мәні мен маңызы ескеріле отырып, оған Ж. Мусин атындағы облыстық Журналистер одағының сыйлығы берілген болатын. Бұл фактінің өзі-ақ С. Көшкенұлы қаламы қалыптасқан, қарым қуаты мол журналист екендігін дәлелдесе керек.

*Төлеген ҚАЖЫБАЕВ,  
Көкшетау облыстық “Көкшетау” газеті  
редакторының орынбасары, Қазақстан Жазушылар  
және Журналистар одағының мүшесі*

\* \* \*

Баспасөз бетінде өзінің әзіл-сықақ, сатиралық шығармаларымен көптен бері көрініп жүрген Сайлау Көшкенұлының “Кәуіктің өкініші” атты қолжазбасын оқып шығып, мұндай дүниелер бізге қазір ауадай қажет деген пікірге келдік. Өйткені қоғамның сорлылығы мен сүркіяльылығын адами мінез-құлыққа сәйкес келмейтін жайларды сынап, мінеп, әжуә ететін қаламгерлер бізде аз. Жалпы қазіргі уақытта бізге осындай сын-сықақ өте қажет деп білеміз.

Қоғамда түсінбейтін жайлар көп қой. Міне, сондай түсінбеушілікті Сайлау Көшкенұлы өзінің “Түсінбеймін” деген сықағында әдемі бере білген. Айлап, жылдап жа-



лақы ала алмаушылықты, баганың адам ойына сыймайтын мөлшерде қымбаттауы, тағы да басқа бүгінгі өмір, бүгінгі тіршілік түйткілдерін автор көрсете білген.

Сайлау Көшкенұлының сатираларынан өмірдің бүгінгі ашы шындығын танысын. Тіпті кей жағдайда өзіміз күнде көріп, күнде естіп жүрген жайларды да Сайлау өз сатирасына арқау ете білген. Бұдан автордың бүгінгі өмір шындығына, бүгінгі ақиқатқа терең үніле білгендігін аңғаруға болады. “Қырсыздықтың қырсығы”, “Қазан аузы жоғары”, “Домалақ арыз” әңгімелерінен міне, осы айтқанымыз анық байқалады.

Қолжазбаның “Этюдтер”, “Бірқакпайлар” бөлімдеріндегі кез-келген шығарманы қызыға оқысың. Өйткені бұл дүниелері өмірдің өз ақиқатынан ойып алынған шындықтар. “Киношыл күзетші”, “Оқуын оқыдық қой”, “Әнші ме еді?” деген этюдтік шығармалар езу тартқызып, тіпті күлкі шақырғанымен адамды ойға да қалдырады.

“Баламысың-ау” бөліміндегі қысқа-қысқа дүниелерді де құнды шығармалар деп бағалауға тиістіміз. Өзіміз мән бере бермейтін балаларымыздың аңқау, адал, ақ көңілімен айтар ойларын автор әдемі бере білген. Баланың жандүниесін ашып көрсетер диалогтарды сүйсіне оқумен бірге қаламгердің байқағыштығына, бала ойына көп мән бергіш сезімталдығына қызығасын.

*Жабал ЕРФАЛИЕВ,  
облыстық “Көкшетау” газеті  
редакторының орынбасары, жазушы.*

1996 жыл.

\* \* \*

Сайлау Көшкенұлы — көптен белгілі, елге танымал сатиралық шығармалары арқылы өзінің қол таңбасымен төл әдебиетімізге үлесін қосып жүрген авторларымыздың бірі. Сайлаудың “Кәуіктің өкініші” атты жинағы, сықак әңгімелері, этюдтер, бірқакпайлар, баламысың-ау деп аталатын төрт тақырыптан тұрады. Бұлардың әрқайсысының



өзіндік ерекшеліктері, айтатын ой-пікірі, әр кейіпкердің сөйлейтін сөзі, тақырыпқа сай көтерген мәселелері сан алуан болып келеді. Айталық “Домалақ арыз” әңгімесінде: лауазым, мансап үшін арын сататын, домалақ арызды қолшоқпар ететіндер көрінсе, “Ұнамады, ұнамады” әңгімесінде бастық пен жүргізуші арасындағы келіспеушіліктің сырын ашса, “Шыршаның әлегі” әңгімесінде онай олжаға қол жеткізген пысықсымақтардың іс-әрекетін әшкерелейді.

Сондай-ақ “Өттен, ремень”, “Киношыл күзетші”, “Шіркін, махаббат-ай десейші” этюдтерінде өмірдегі болып жататын санкилы оқиғаларды көрсетеді. Бірқақпайлар бөлімі өз алдына бір төбе. “Баламысың-ау” атты соңғы бөлімі негізінде балаларға базарлық іспетті, балалар өміріне арналып, ойлауы, болжамы, ой қорытындылары баяндалады. Мұндағы бір қуанарлық жәй, жасөспірімдерді әдепшілдікке, инабаттылыққа, парасаттылыққа, жалпы адамгершілікке шақырады. Көп әңгіменің ортақ кейіпкері Мұрат атты бала арқылы балалар өмірі дараланған. Қорыта айтқанда Сайлаудың бұл еңбегі — бүгінгі таңдағы, алдағы уақыттар үшін де аса қажет, құнды еңбек.

*Баят ЖАНАТҰЛЫ,  
драматург-жазушы.*

*1996 жыл.*

## **АЙТАРЫҢ АЙШЫҚТЫ БОЛҒАЙ**

Жоғары мектепті бітіріп келген біздермен қатар орта мектептен соң-ақ еңбек жолын бастап кеткен Сайлау ініміз де өзі жиірек айтатындай “өкшемізді басып” келеді. Жәй келе жатқан жоқ, газет жұмысының қызығы мен шыжығын бір кісідей-ақ арқалай алған ізденісі мол творчестволық жолда келеді, қоржын басын толтырған олжасы да аз емес.

Отыз жылдың ішінде ортан қол журналистің жазып-сызғанын жіпке тізіп, қағазға қайра түсірсек әлденеше



том жазған Бальзактың өзімен таласқа түсер еді. Бірақ жазғаныңның бәрі бірдей “сөзі мың күндік, ғұмыры бір күндік” газет талабынан шыға бермесі анық құбылыс. Ал Сайлауды ортан қолдыққа қимаймын. Өйткені отыз жылдық творчестволық жолында талай өткір де өзекті мәселелерді көтерді, замандастарының бейнесін жасаған сәтті очерк, суреттемелер жазды, соңғы кезеңнің ащы шындығының шырайын келтірер қысқа да нұсқа заметкаларын беру үстінде отыр.

Осынау жайларды көңіл пересінде елестете отырып Сайлау Көшкенұлының Көкшетау облыстық баспаханасынан жедеқабылдатып жарық көрген екі кітапшасын ауызға алуға болар еді. Қолына қаламды ермек үшін емес, оқушысына бірдене бермек үшін ұстаған кез-келген адамның өмір ағымында түйінді тұстары, былайша айтқанда не беріп, не қойғанын есепке жүгіндірер сәттері болады. Мәселені осы тұстан түспалдасак Сайлаудың “Өмірдің ащы шындығы” мен “Кәуіктің өкініші” кітапшаларын отыз жылын жазу үстінде өткізіп келген Сайлау еңбектерінің есепті көрінісі десек те болады.

Ірі талант деп танылған айтулы акынның бірер ауыз жыр шумағының сылдыр сөзбен сықай толған тоққарын романның бодауына жүріп кететінін уақыт атты әділ қазы әлдеқашан дәлелден берген. Сол сияқты аз айтып мол дүниені қамтитын, қысқа қайырым, қуатты пікірді қазық етіп қаға алатын қаламгер үрдісіне Сайлау да қатты ден қойып, қызығатын тәрізді. Ол талпынысының діттеген тұстан бой көрсетіп отыраы тағы жоқ емес. Бізге қаламгердің осынысы қымбат әрі қызғылықты болып келеді.

“Өмірдің ащы шындығы” атына заты сай өзекті, өмірлік мәні бар құбылыстарды іріктей топтастырып, іркілмей сөйлеп кетуімен ұнады. Бұл арада авторға ұзақ жылғы журналистік тәжірибе, байқау, бағамдап, бағдарлау, ой түйіп, көрген-білгенін тұжырымдап отыру тәжірибесі көмекке келгендей екен.



“Кәуіктің өкініші” сарказм, сатира, юмор сияқты ұрымтал тұстан ұрып жығар тұздықты дүниелердің басын қосқандай...

Афоризмге, қанатты пікірге айналар қысқалығы нұсқалыққа жүрер дүние жазу оңай жұмыс емес. Ел аузында айтылып жүрген: “Айғайлағанның бәрі әнші емес, ән шығарғанның бәрі Шәмші емес”, “Солдаттың бәрі генерал болмас, судың бәрі минерал болмас” дейтін нұсқаларда әрі шындық, әрі тапқырлық, әрі поэзия бар. Біз осындай сәттілікті Сайлау қаламынан да жиі тапсақ дейміз...

*Төлеген ҚАЖЫБАЕВ,  
жазушы, Қазақстанның мәдениетіне  
еңбегі сіңген қызметкер.*

*1997 жыл.*

\* \* \*

Қаламдас, әріптес ініміз Сайлау Көшкенұлының таяуда Көкшетау баспаханасынан “Құныққанның кесірі” атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Жинақты өлеңдердің ішкі сипатына қарай саралап қарасақ үш топқа, яғни үш бөлімге бөлуге болар еді. Соның бірінші бөлімінің басын сын-сықақ, әжуалі мысқыл өлеңдер құрайды. Екінші бөлімін таза лирикалық өлеңдер құраса, үшінші бөлімінде арнау өлеңдер топтастырылған.

Біз Сайлауды қалам қуаты қарымды журналист ретінде отыз жылға жуық білетінімізді айтсақ, сын-сықаққа бейім, тілі ұятты өз ортамызда күн сайын байқалар кемшіліктердің сыр-сипатын сергек сезінер алымдылығымен де оқшауланар қасиетін айтпай қала алмасақ керек. Оған осыдан бірер жыл бұрын жарық көрген қос кітабы дәлелдікке жүреді. “Құныққанның кесірі” сол үрдістің үзілмеген заңды жалғасы деп қабылданғаны ләзім...

Әрі қысқа, әрі нұсқа боларлық шумақтарда етек-жеңі жинақы шымырлықпен бірге айтар ой, тобықтай түйіндеу бар. Оқисың, оқисың да тап осындай сипаттағылардың ортамызда жүргендігін сезінесің, жиіркене жерінесің. Бұл



сын-сыкак өлеңінің өткірлігі, дөп басар мерген мінезділігі, ал оған жету үлкен ізденіс, алымды алғырлықтың көрінісі.

Сайлаудың лирикалық өлеңдерінде де көз қадап, көңіл тоқтатар дүниелер баршылық. Қарапайым жазса да өмірдің өз сипатын сырлап, әлеміштемей тура қалпында баяндауға ұмтылыс шумақтар мен тіркестер бойында жиі ұшырасады... Кітаптағы арнау өлеңдерінде де автор өз жүрегіне жақын адамдарға деген ыстық ілтипатын, жүрек түкпірінде жатқан жасандылығы жоқ іңкәрлі сезім сәулесін себездетте төге білгендей екен. Мәселен, сүйікті қызы Айнұрға арнаған өлең түйінін:

Тірлікте ұрпақ қалу ганибет қой,

Зор бақыт —

Әкелікке мен жарасам, — деп бекітеді. Әдемі түйін, тәлімді тілек. Сәбиге әке болу, жай ғана әке емес, өнегесі мол, берер тәрбие-тәлімі берекелі әке болғанға не жетсін!..

\* \* \*

Бір ауылдан түлеп ұшқан бауырмыз,  
Бірде алыс, бірде жақын қауымбыз.  
Анасызбын деген сөзді жиі айттын,  
Содан бәлкім көңіліңде ауырсың.  
Бұл тірлікте кімдер жетім қалмаған,  
Ажал-арам барлығын да жалмаған.  
Жетімдікті енді, бауыр, сөз етпе  
Ұрпағың бар ғұмырыңды жалғаған.  
Көтерілдің ер жасына талықпай,  
Ізің жатыр білген жанға анықтай.  
Бақытты бол, ұрпағыңмен бір жасап,  
Ғұмыр кешкін қайғырмай да қамықпай.  
Елуінді бүгін тойлап жатырсың,  
Тар заманда тарықпаған батырсың.  
Тоқсаныңда Мәуенжанмен қызықтап,  
Баршамызды Сайлау тағы шақырсын.

*Төлеген ҚАЖЫБАЕВ.*

15.02.97 жыл.





\* \* \*

Облысымызға танымал, көрнекті сатирик Сайлау Көшкенұлының “Құныққанның кесірі” атты өлеңдер жинағы қолымызға тиді. Бүгінгі таңдағы құныққан саудагерлер, құныққан араққұмар маскүнемдер, құныққан арызқойлар мен арамтамақтар, құныққан көзбояушылық пен кеудемсоқтар, сүркія алаяқтар, құныққан нашақорлар мен жемқорлар, оңай олжаға белшесінен батқандар, сондай-ақ нарық қыспағына түсіп, жаны қысылғандар жайлы терең мәнді, әркімді ойландырар сөз қозғайды. Өлеңдерін оқып отырғанда тағы бір байқағанымыз, бір кезде Бейімбет поэзиямызға Мырқымбай образын әкеліп еді, біздің Сайлау да прозалық шығармасындағы Кәуікті типтік образ ретінде поэзиясында да көрсеткен. Бірақ Биағаңның Мырқымбайы сияқты адал, ақкөңіл емес, зұлымдық жағындағы Кәуікті көрсете білген. Мысалға:

Кәуіктің қызметі жоғарылап,  
Өсетін болды,  
Мандайы жарқырап,  
Жел есетін болды, — десе,  
Енді бірде Кәуік:  
...Тәуір жұмыс тауып,  
Жеке кооператив құрды, — дейді.

Сайлаудың әрбір қысқа жазылған өлеңдері де осылай мазмұнымен үйқаса бір-бірімен үйлесім тапқан, поэзияға тән қасиеттерге толы, үгуга оңай, оқуға ыңғайлы, тілі көркем, кімді болса да баурап алары ақиқат.

*Баят ЖАНАТҰЛЫ,  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі*

\* \* \*

## **ӘРІПТЕС КЕЛБЕТІ**

...Шіркін, зымыраған уақыт-ай! Күні кеше ғана редакция босағасын қатарласа аттаған Сайлаудың “Көкше-тау” деген қара шаңырақта тапжылмастан жұмыс істеген-



іне де отыз жылдай болыпты-ау. Әрине, газет жұмысының ішкі “сырын түсінген жанға бұл аз уақыт емес. Күнделікті шығып жататын газет үшін осы жылдар ішінде ол жазған материалдар алдекайда бірнеше томды немесе іс-сапармен жүріп өткен жолдары мындаған шақырымды құрары сөзсіз. Көз майын тауысып газет шығару кезекшілігінде өткізген күндер мен түндер қаншама десеңізші!

Қолға қалам ұстаған адам еңбегінің басты өлшемі — газет бетінде жазған дүниелері, сол арқылы көтерген проблемалары. Бұл тұрғыдан алғанда Сайлау оқырмандары, әріптестері алдында өз міндетін адал атқарып жүрген журналист. Мейлі шағын хабар, бірқакпай-сықак, мейлі көлемді көркем туынды, публицистикалық мақала жазсын өмірдің шындығын ешбір боямасыз қаз қалпында көрсетуге тырысады. Жалтақтық, жағымпаздық оған жат. Жазған дүниелерінің оқырмандар тарапынан қалай бағаланып жүргендігіне келер болсақ, қызметтес әріптестері арасында алғашқы болып облыстық Журналистер ұйымының Жанайдар Мусин атындағы сыйлығын иемденді...

Творчестволық осындай ізденістің арқасында ол тақырып таңдауда, оны оперативті жазуда қамшы салдырған жан емес. Өзіміз кейде “дағдарысқа” ұшырап қалған сәттерде Сайлау қисынын тауып, тіршілік түйткілдерін, бірқакпайларын, сықақтарын алға тарта қояды. Әрине, Сайлаудың журналистік шеберлігі, қиялының ұшқырлығы халқымыздың мақтанышына айналған Көкшетау арыстарының тұтастай портреттік галереясын жасауда, облысымызды мекендейтін ұлттар достығын паш етуде, тарихтың “ақтаңдақтарын” жарық дүниеге шығаруда тым ерекшелене, айшықтала түсуде. Себебі бұл материалдарды оқырмандар іздеп жүріп сүйсіне оқиды.

Сайлаудың бойындағы тамаша асыл қасиет — өз творчествосына құрметпен қараушылығы. Сондықтан болуы керек, ол әр кезде республикалық баспа орындары, газет-журналдардан, атакты адамдардан алған хаттарын ар-



хив қазынасындай сақтап жүреді. Тіпті газетте шыққан дүниелерінің өзі теп-тегіс шетінемей әлі күнге сақтаулы. Оңаша бір сырласқанмызда:

— Шан бастырып үйде бос жатқызғанша жинақ етіп шығарсам қайтеді. Оқырмандарыма, балаларыма мұра боп қалсын, — деген-ді. Досымның бұл құлшынысын, бұл ниетін күп алдым. Осыдан кейін Сайлауым жинақты бірінен соң бірін ал кеп бұрқыратсын. Алдымен “Өмірдің ащы шындығы”, іле “Кәуіктің өкініші” жинақтарын оқырмандарына тарту етті. Тіршілік түйткілдері, ауыл адамдары, сықақ циклдары бойынша да үш жинақты бірдей дайындап қойыпты. Тек әттегені — қаржы тапшылығы “тұсау” болып тұрғаны.

Ол ағайын-туғанның, дос-жаранның қадыр-қасиетін ерекше бағалай біледі. Асыл жары — Мәуеннің, көзінің қарашықтары — Айнұрын, Айзадасын, Асқарын әрдайымда аймалап отырады. Туған ауылы — Қарағашын да аузынан бір тастамайды...

*Балталы СӘРСЕНБАЕВ,*

*Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.*

1997 жыл.

## **ЖАЗАР КӨБЕЙСІН!**

...Жақында “Көкше” өнер-білім ордасында журналист Сайлау Көшкенұлының “Өмірдің ащы шындығы”, “Кәуіктің өкініші” және “Құныққанның кесірі” атты үш кітабының тұсаукесер рәсімі өткізілді. Кездесу кешін жазушы Төлеген Қажыбаев жүргізіп отырды.

Сайлаудың журналистік шеберлігі өмірде орын алып отырған келеңсіздіктерді батыл да өткір жаза білуі. Сонысымен де оның шығармалары құнды. Сайлау тұрмыста болып жататын өзгерістерді тез аңғарады. Жазған очерктері, сықақтары, бірқақпайлары, мақалаларымен оған деркезінде үн қосып, өз оқырмандары арасында ілттипатқа бөленіп жүр. Баспасөз саласында отыз жылдан астам жемісті қызмет істеп жүрген әріптесіміз республикалық



басылымдарда жиі көрінуде. Осы жинаққа енген көптеген туындылары онда да жарық көрген-ді.

Қызықты өткен кездесу кешінде Сайлау Көшкенұлының атына жақсы лебіздер көптеп білдірілді...

*Дәуренбек ШӨРЕНТАЕВ,  
журналист.*

1998 жыл.

## **ДАҢҚОЙДЫҢ БЕЛ БАЛАСЫ**

*Сайлау Көшкенұлына*

Ой-өріс шалқи түскен кеңістікте,  
Жаның жас, елгезексің қылмас өкпе.  
Арнаған Шәмшия анаң жырға қосып,  
Сайлауым, жазушысың сыйлы көпке.  
Қаламың қарымды ғой мір оғындай,  
Өртейтін тіліменен жан шоғындай.  
Бірнеше жинақтарың жарық көрді,  
Талғампаз оқырманға боп толымды.  
Ұстасың ауызекі әңгімеге,  
Апаңның бұл жазғанын жалған деме.  
Көкшенің сезімтал бір перзентісің,  
Ана ғып жыр бұлағын жүрген еме.  
Қайырлы болсын мынау тұсаукесер,  
Азамат асыл сөзбен көктеп өсер.  
Сайлаужан, әдебиет төрінде де  
Тағы бір жинақ бергін көкей тесер.

*Шәмшия АЙТЖАНОВА,  
шебер қолды зейнеткер.*

1998 жыл.

## **АЙТАЙЫН ТІЛЕГІМДІ ӨЛЕҢ СӨЗБЕН**

Той деген жарасты ғой Сізбен, бізбен,  
Келеміз бұрынғылар салған ізбен.  
Сайлаудың 50-іне тілге жеткенімше  
Айтайын тілегімді өлең сөзбен.



Той құтты болсын деймін Сайлау саған,  
Ел-жұртқа белгілі ғой сенің баған.  
Отыз жыл тілеуқор боп жүріп келед  
Алпысқа жақындаған жаман аған.  
Ау, сыр тартсам 50 жастың өткенінен,  
Өтіпті қиын белес, өткелінен.  
Қалам ұштап шықтық қой бәрімізде,  
Өміржан, Жанайдардың мектебінен.  
Қайырлы болсын айтам Мәуен Сізге,  
Сайлауды салып келген үлкен ізге.  
Қызығын балалардың бір бөлісіп,  
Жүзге жет, кірбің түспей жүзіңізге.  
Ал Сәке, жаның жарқын аспандайсын,  
Жаксыға жүрегінді ашқандайсын.  
Аман-есен жүре бер ортамызда,  
Көңілің шалқып-толқып тасқандайсын.  
Ау, мың алғыс айтып тұрсың қауымына,  
Даңқойға, үлкен-кіші бауырына.  
50-ге келсең дағы баласың ғой  
Туган жер - Қарағаштай ауылына.  
Ал, құтты болсын Сайлаужан,  
Тігіліп жырмен өргенің,  
Елін үшін жыр жырлап,  
Журналист болып терледің.  
Жырларыңмен жоргалап,  
Оқжетпеске өрледің.  
Жауыз, сұмдар дірілдеп  
Жеңілдетсін ергенің.  
Бала-шағаң аман боп,  
Жана берсін еңбегің.  
Іске асын осылай  
Оймен жинап тергенің.

**Жұмабай ЕСЕКЕЕВ,**  
*айтыс ақыны.*

*15 ақпан, 1997 жыл.*





Қарапайым адамдық,  
Шашылатын нұрың бар.  
Қасиетті туган жер,  
Көкшедей кербез қырың бар.  
Бұлағындай Көкшенің,  
Шымырлаған жырың бар.  
Журналист, ақын Сайлауға,  
Уа, халқым, көңіл бұрыңдар.  
“Көп түкірсе көл” деген,  
Қазағымда ырым бар.  
Қуанышпен құттықтап,  
Сауық-сайран құрыңдар.  
Мейірімім түскен ініме,  
Ағалық балдай сырым бар.  
Үшінші кітап шығарған,  
Журналист Сайлау Көшкенбе?  
Шабыты шалқып шарықтап  
Самал желдей ескен бе?  
Көп жылғы жазған жырлары,  
Таудай болып өскен бе?  
Қулар менен сүмдардың  
Сықақпен мұрнын тескен бе?  
Халықта бүгін бағалап  
Ілесер үлкен көшке енді.  
Ау, бұл жырым кеудеңізге қонсын деймін,  
Қуаныш ортамызда толсын деймін.  
Бір-екі ауыз айтқан бұл өлеңімді  
Тойына тілегімдей болсын деймін.

*Иран ИЛЬЯШЕВ,  
сазгер-ақын.*

*15 ақпан, 1997 жыл.*



## **САПАРЫҢ СӘТТІ БОЛСЫН!**

Отыз жыл бойы Көкшетау сынды қасиет-қадірі мол өңірдің рухани тыныс-тірлігін тамыршыдай танып-біліп, және онымен де шектелмей, әлеумет өміріндегі үлкенді-кіші құбылысқа дер кезінде баға беріп, сонысы арқылы қоғамдық ой-пікір тудырып жүрген баспасөз қызметкерлері арасында Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Журналистер одағы облыстық бөлімшесінің Жанайдар Мусин атындағы сыйлығының лауреаты, жазушы Сайлау Көшкенұлы да бар. Таяуда қала журналистер қауымы, газетіміздің оқырмандары, қоғамдық ұйымдар қаламгер замандасымыздың 50 жасқа толуы мен шығармашылық қызметінің 30 жылдығын зор ықыласпен атап өтті. Сәкен ұзақ жылдар бойы баспасөздегі жемісті қызметі мен жазушылық өнерді домбыраның шегіндей қатар ұстап, сол арқылы ел жанының пернесін дөп басқан, өз жүрегінің әнін тындата білген қаламдасымыз. Тек өткен жылы ғана оның “Өмірдің ащы шындығы”, “Кәуіктің өкініші” атты екі кітабы бірінен соң бірі жарық көріп, қаламдас қауымға еңбеккерліктің, талап пен ізденістің үлгісін көрсетті.

Таяуда Мағжан Жұмабаев атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханада Сайлау Көшкенұлының оқырмандармен кездесуі болып өтті. Оны Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жабал Ергалиев сөз сөйлеп ашты.

Әдебиет атты үлкен айдыңға бір жылда жарық көрген екі кітабымен жол салған Сайлау Көшкенұлына бұл кездесуде көптеген ізгі тілектер айтылды...

***Райхан СЕЙІТ,**  
журналист.*

• • •

Аты мәлім, оқырманға белгілі,  
Қадірлеген құрметпенен Көкше елі.  
Сайлау балам, сатирик һәм журналист,  
Тиек еткен тақырыбы өз жері.



Еңбек еткен қаламымен ерінбей,  
Қалың ой мен уайымға берілмей.  
Ізденгіш жан, ұшқыр оның қиялы,  
Баспасөзге қызмет еткен келіндей.  
Төрт кітабы көрді жарық баспадан,  
Орны окшау өз жолы бар баспадан.  
Балаларға арнап жазған базарлық,  
Таза дарын жаны жайсаң, жақсы адам.  
Ұзақ жылдар еңбек етіп бір жерде,  
Мәртебелі қызмет жасап ол елге.  
Мерейтойын атап жақсы ниетпен,  
Шыққан еді асқар асу не белге.  
Шығармаңнан көрем ылғи ел таңын,  
Ауыл, өмір, шаруашылық, жер жанын.  
Қайырлы боп оқырманмен жүздесу,  
Әлі талай шығарма бер, қарағым.  
Бақытты бол, ұрпағыңмен қосыла,  
Ғұмыр жасап, сыйлы болып досына.  
Бағаланса журналистің еңбегі  
Маңдай тердің ақталғаны осы да!..

*Шәмшия апаң АЙТЖАНОВА.  
2001 жыл.*

## **ЖАМБЫЛДЫҚ ЖЕЗДЕЙДІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ**

Жібегімнің арқасы сайран салдым,  
Мерейтойға жетем деп күйіп-жандым.  
Ұзақ өмір, тілек пен сәлем жолдап  
Немеремді бағам деп үйде қалдым.  
Тойың тойға ұласып, орта толсын,  
Ердің жасы елуде бақыт қонсын.  
Екі жақтың аруағына тапсырамын  
Қарағым, мерейтойын құтты болсын!

*Сайлау ҰЗЫНҒАЗИЕВ.  
11.02.97 жыл, Байқадам.*





\* \* \*

Көкшетау — төркін жұрт, ауылым,  
Бармысын ағайын, қауымым.  
Алыстан ат арытып мен жеттім  
Есен-сау жүрмісің, бауырым.  
Амалдап замана нарығын,  
Нарықтың мойындап парығын.  
Бала-шаға қамы деп есейдік  
Той құтты болсын, жарығым.  
Өткен күн көз алда санаған,  
Ерте қалдық туганым-анадан.  
Біздерді жеткізген, өсірген  
Айналдым, бауырым Сағит ағамнан.  
Үлкендердің алдында бар кішілік,  
Ынтымаққа не жетсін, бү тіршілік.  
Сағит, өзін, Төкенім бар бағыма  
Мұнысына тәңірдің, шүкіршілік.  
Қабілетің оянып, өрт боп жандың,  
Талабыңа қаламгер, мен қуандым.  
Ақ көңіл, ақ пейілді тілегіңе  
Мүшелінде хауіпті аман қалдың.  
Өткен күнде белгі жоқ о да сағым,  
Елестейді әлі де бала шағың.  
Артыңда бар ізбасар ұрпақтарын:  
Асқар, Айнүр, Айзада - болашағың.

*11.02.97 жыл. Көкшетау.*

\* \* \*

Бойымдағы барымды елге берсем деп,  
Ағаларды келе жатқан өкшелеп.  
Толды бүгін ердің жасы-елуге,  
Халқымыздың ұлы - Сайлау Көшкенов!  
Қайратымен қажымайтын, талмайтын,  
Мінезімен жеңілге қол салмайтын.  
Елуінен ыстық сәлем жолдайды ол,  
Жылдарына алдағы әлі самғайтын!..

*Қайырбай ТӨРЕҒОЖИН,  
ақын. 15.02.97 ж.*



## **ДРУГУ, ХОРОШЕМУ СОСЕДУ, ЖУРНАЛИСТУ, ПИСАТЕЛЮ**

55 — не круглая дата,  
Но к счастью делится пополам.  
Здоровья, бодрости и долголетия  
От всей души желаем Вам.  
55 — не шестьдесят,  
Но уже не сорок.  
Пора сесть, передохнуть  
Оглянуться... снова в путь.  
За эти годы сохранил,  
Земле родной ты свою верность.  
Всю жизнь газете посвятил  
Отдав талант, смекалку, честность.  
И благодарная судьба,  
Не обошла Вас стороной.  
Встречаешь свой ты юбилей  
С прекрасной милою женою.  
Труд совместный — Ваши дети,  
Гордость нашего двора.  
Всем желаем им здоровья  
Счастья личного, добра.  
Плод раздумий Ваших долгих,  
В книгах ваших отражен.  
Сейчас вы в творческом расцвете  
На этом путь не завершен.  
Бери уздечку, оседлай,  
Коня строптивого “Пегаса”.  
Творений от тебя мы ждем  
Не ниже эпоса “Манаса”.  
Чтобы казахская земля,  
Была полна своим народом.  
Чтобы память о тебе в веках была  
Внуков, правнуков желаем много.



И за здоровье юбиляра,  
Бокалы полные вина.  
Поднимаем стоя мы сегодня  
И выпьем как всегда до “дна”.

*Николай ДРУГОВ,  
ветеран труда.  
3.02.02 год.*

\* \* \*

50 жас — ердің жасы, міне келдін,  
Кейін қалмай алға оздың, өрмеледін.  
Азаматсың аяулы, ақ көңілді,  
Әлі де мол, бергеніннен бермегенін.  
Азаматсың көңілі адал, көрікті,  
Бұл табиғат нұр шуағын төгіпті.  
Жарқын мінез, кеңпейіл, парасатты,  
Бәрін тізіп бір басыңа беріпті.  
Көтеріп жылдарыңның жарқын жүгін,  
Жайнай бер ұрпақ үшін, достар үшін.  
Бақытты бол, қызық көр, алға өрле,  
Өмірдің соқпағында алмай тыным.

*Қанапия, Роза ӘМІРЕНОВТЕР.  
3 ақпан, 1997 ж.*

\* \* \*

То переходной, то юбилейный,  
Дни рождений идут года.  
Лето сменяет осень  
Отрывая листки календаря.  
И лишь у именинника  
Бытовых проблем не  
уменьшается никогда.  
Взвалив на себя тяжкий крест,  
Трудясь от зари до зари как пчела.  
Вы с Алтынай отдаете целиком  
Воспитанию Аскара и двух невест.  
Пусть повезет Вам на этом пути,



И свершится ваша мечта о том  
Чтобы детям скорее  
Счастья свое найти.  
И еще желаю одно,  
Чтобы ваше трудолюбие  
Быстрее детям перешло.  
Ну а лично имениннику,  
Здоровья лет на 100.  
И поднимая тост за него  
Выпьем до дна грамм по сто.  
Хоть и парень я Рязанский,  
И в лаптях ходил.  
Но и мы не “лыком шиты”  
Стих я сочинил  
А для этого был примером мне Сайлау.  
Не затмить мне твою славу,  
Ты писатель, я ветврач.  
Откровенно же Сайлау  
Ты мне стал как брат.

**Все мы Друговы.**  
*3.02.1998 год.*

### **ЗАМАНДАСҚА**

Келдін Сайлау елуге,  
Жетелсен де сыр беріп,  
Правон жоқ елуге.  
Асығуга болмайды,  
Ашы мысқыл, әжуә,  
Сатираны көмуге.  
Хакың және жоқ сенің,  
Қолдан қалам түскенше  
Баспасөзден жеруге.  
Шекіссек те талай біз,  
Жолдастықты қалаймыз.  
Аңқылдаған Сәкенді



Аузын ашса көрінген  
Ақ көңілге балаймыз.  
Талма осы бағыттан,  
Өткір тілмен сойып сап,  
Талайларды қағытқан.  
Сатирик һәм журналист  
Көшкенұлы Сайлауды  
Адал жары Мәуенмен  
Елу жылдай отасып,  
Деп тілейміз тағы да  
Жетсін екі елуге!

*Достық әзілмен замандасың әрі қаламдасың*  
*Қапез ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.*

*15.02.97 жыл.*

\* \* \*

Жақсы дәстүр халықта,  
Халық айтса қамықпа.  
Жазушы мен ақынын,  
Өмір бойы сыйлаған,  
Жамандыққа қимаған!  
Ренжісе акындар,  
Халқы бірге киналған.  
Жақсы ісіне жазушы  
Бір адамдай жиналған.  
Тұсаукесер құтты болсын,  
Денсаулығың мықты болсын!  
Төлеген аған, Жабалың,  
Бірге жүріп, бірге тұрсын.  
Табады гой амалын,  
Тәңір берген талабың.  
Творчествоң алға бассын шырқай,  
Өзіңе жар болсын бір Құдай!

*Інің — Балтабай ЗАКАРИН.*

*29 қазан, 1998 жыл.*



\* \* \*

Ауылда бар тағы той,  
Қуанып жұрт жазар бой.  
Есігіміз кең ашылсын,  
шашу бүгін шашылсын.  
Қабылдаймыз, күтеміз,  
Қаламгер түлектеріміз.  
Атақты Жақан ағамыз,  
Сымбатты Төлеген ағамыз.  
Маңғаз мінез Жабалды  
Бәрін пір тұтамыз.  
Сол қатарда бар Сайлау,  
Болмас деймін, бұған дау.  
Мақтанышы елімнің,  
Ақтаған жұрт сенімін!  
Кішкентайдан хат жазған,  
Бала-корреспондент болған.  
Бізге тән емес қылық,  
Сайлауда бар, қызық.  
Елу беске толыпты,  
Көп жерлерді шолыпты.  
Жазған өлең жолдары —  
Көрген - баққан жайлары.  
Мұнысын біз құптаймыз,  
Ұзақ өмір жолдаймыз.  
Сүп-сүйкімді Мәуенің,  
Болсын өлең-әуенің.  
Балалар — бақыт куәсі,  
Олармен сәнді жанұясы.  
Ойыннан шықсын қылығы,  
Жақсы десін ұл-қызы.  
Сонда қызармайды бет,  
Жазған мұны Әлия мен Бейімбет!..

*Әлия ҚАҚЫШҚЫЗЫ.*

*9 ақпан, 2002 жыл, Қарағаш ауылы.*



\* \* \*

Сатирик һәм журналист  
Сықақшы Сайлау — молодес,  
Ерттегені — елу бес.  
Елу бес — үлкен бір белес,  
Елу бес деген екі бес,  
Қоса қалсан — он дағы,  
Көбейткенде — жиырма бес!  
Елу бестің ішінде,  
Қос жиырма бес және бес!  
Елу бесті ескермес  
Кеңкелестер біз емес,  
Елу бесті елемес —  
Ер де емес, ел емес!  
Сәкендер біздің кемел ес,  
Елу беске дес бермес!  
Екі елу бес келсе де,  
Мызғымас түкте, мәу демес!  
Еңсере бер, Сайлау жан,  
Келсе мейлі, неше бес!  
Бүгінгі баған — екі бес.  
“Өте жақсы” қос баға,  
Қос бағаның біреуі —  
Қосағыңа сыбаға.  
(Біріне ие-күйеуі).  
“Алтынай келін бес емес”  
Дегенге салам төбелес!  
Көбейсін кітап, болсын бес,  
Бесіншісі шықсын тез.  
Үш перзентің болсын бес,  
Немерелер қосылып,  
Құрасын санды он, онбес,  
Шөберелер жосылып!  
Осының бәрін тойлайық  
Бір бес емес, он сан бес!

*Қайрат ҚЫЗЫРҰЛЫ,  
геолог-ақын. 03.02.02 жыл.*



\* \* \*

Зымыраган уақыт қой,  
үлгілі өмір сүру бақыт қой.  
Елу беске де жетіңсің,  
Туған жерді жұмаққа да теліңсің.  
Шақырған соң туған ел,  
Бүгін тағы келіңсің.  
Бес түп қана, Қарағаш,  
Бүгін үлкен ел болды.  
Егін дағы мол болды.  
Келермендер Қарағашқа  
Орын теуіп тоқтады,  
Құдайым оларды шеттеуден сақтады,  
Қаламың тұрсып ұшталып,  
Жауың қалсын мұқшып.  
Туған ауыл — Қарағашты ұмытпа,  
Алпысынды тойлайық біз  
бұйырса!..

*Балтабай інің ЗАКАРИН.  
09.02.02 жыл. Қарағаш.*

## **ЗНАЙ НАШИХ!**

В селе Карагаш Чкаловского (Тайыншинского) района рос мальчик, который казался всем необыкновенным даже чудным: целыми днями он безвылазно просиживал в сельской библиотеке, перечитывая все, что попадалось под руки.

Сверстники считали его умником, даже немножко завидовали, а взрослые пророчили большое будущее. И угадали: Сайлау Кошкенұлы стал известным журналистом.

Уже 4-5 классах Сайлау стал писать заметки в республиканскую газету “Қазақстан пионері” и в журнал “Балдырған”. Так что выбор профессии был вполне осознанным.

Поступив после школы на заочное отделение факультета журналистики Казахского Государственного универ-





ситета им. Аль-Фараби устроился переводчиком в газету “Кокшетау правдасы”. После трудился в зерендинской районке “Коммунизм таны”, областной “Солтүстік Қазақстан”, затем вернулся в родную газету “Көкшетау”.

Сайлау Көшкенұлы из тех, кто прошел тернистый путь советского журналиста. За 35 лет работы в газетах объездил все аулы и совхозы области... Друзья в шутку говорят, что у него “железный характер”.

Жизнь научили многому. Все, что видел, слышал отразилось в его очерках, статьях, книгах “Горькая правда жизни”, “Раскаянье Кауийк”, “Не сытый, да не честный”, “Люди села”. Сайлау Көшкенұлы — член Союза Журналистов Казахстана, лауреат премий областного отделения СЖ имени Ж. Мусина.

Круг его интересов не ограничивается пером. Он любит играть в шахматы и шашки, будучи заядлым автомобилистом, все лето проводит с родными на даче, обожает отдых на природе. Но самая большая страсть - книги. Он собрал богатую библиотеку, которой теперь пользуются его дети: Айнур, Айзала, сын Аскар. Сайлауага постарался привить им лучшие качества: уважительность, порядочность и трудолюбие... О том, насколько это удалось, можно судить по выражению одного из друзей: “Дети — лучшие произведения, созданные им в соавторстве с супругой Алтынай”. Кстати, совсем недавно старшая дочь Айнур и зять Арслан подарили Сайлауага внука, которого назвали Марлен.

*Карлыға МУХАТАЕВА,  
обозреватель газеты “Степной маяк”.  
февраль, 2002 год.*

## МАЗМҰНЫ

I. Ел туралы . . . . .	3 бет.
II. Мен туралы . . . . .	45 бет.



*Сайлау Көшкенұлы*

*Жүрек жылуы*

*Редактор — С. Көшкенұлы*  
*Көркемдеуші — Ж. Кутербекова*  
*Корректор — автор*

*Терілуге 09.04.2002 жылы берілді.*  
*Басуға 24.05.2002 жылы қол қойылды.*  
*Бағасы келісім бойынша.*  
*Қалыбы 1/16. Офсеттік басылу.*  
*Таралымы 300/30. Тапсырыс 2141.*

*Кітап «Көкше-Полиграфия»*  
*ашық акционерлік қоғамында басылды.*  
*475000, Көкшетау қаласы,*  
*Еркін Әуелбеков атындағы көшесі, 98.*

